«Неғұрлым баланың қабілеті мен талантын дамытуға ертерек көңіл бөлінсе,соғұрлым оны толық ашуға мүмкіндік туады.Бала бойындағы ерекше қасеттерді оға жақын жасы үлкендер дұрыс,жеткілікті бағаламаса,оның өзгелер сияқты болып қалуы мүмкін» дейді американдық ғалімдар. «Дарындылық» ұғымы «сый» (дар) деген сөзден шыққан,дамудың қолайлы алғы шарттарын білдіреді.Бұл ұғымға педагогикалық энциклопедияда төмендегіше анықтама берген: «Дарындылық-белгілі бір іс-әрекет саласында ерекше жетістікке жеткізетін адам қабілеті дамуының жоғарғы деңгейі»

Дарынды балаларды оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастырудағы басты міндет-балалардың қабілеттері мен таланттарын жан-жақты аша түсу үшін дарындылықтың ерекшеліктерін анықтау мен айқындау болып табылады.Дарынды балаларды анықтау-баланың дамуын талдаумен байланысты ұзақ процесс.Дарынды баланы тәрбие беру мен оқяту барысында біртіндеп,сатылап анықтау қажет.

Бала бойындағы дарындылықты анықтауда мынадай ұстанымдар тұжырымдалады:

1. Түрлі ақпарат алу көздерін пайдаланып,бала қабілеттерін кең көлемде қамтуға мүмкіндік беретін баланың мінез-құлқы мен іс-әрекетінің жан-жақты бағалаудың кешендік сипаты;
2. Баланы танып-білу мен зерттеудің ұзақтығы
3. Баланың қызығушылығы мен бейімділігіне барынша сәйкес келетін қызмет аясында баласының

іс-әрекетіне талдау жүргізу.

4. Баланың бойындағы қандай да бір дарындылықты бағалау.

5. Жұмыс нәтижесін талдау,бағалау

«Бұлақ көрсең-көзін аш»деген ұлағат сөзге сүйеніп,бар мүмкіндікті пайдаланып,баланың қабілет дарынын ашу-мұғалім міндеті. Оның үстіне бала бойындағы ерекшелікті қабілетті мұғалім танып ,соған бағыттап білім мен тәрбие берсе баланың болашағының іргетасы дұрыс қаланатыны сөзсіз.

Кез-келген адам сияқты,кез келген дарынды бала да өз алдына ерекше болып келеді.Тұлға дарындылығы өзінің құрылымдық негіздері бойынша адами қайталанбастықтың көп өлшемді,көп қыры болып байқалады. Басқаша айтқанда дарындылық өзара байланысқан үш: ынталандырырушылық,когнитивтік ,іс-жүргізушілік толықтауыштан тұратын бір сипатқа ие.Әрбір толықтауыш дарындылықты дамыту бірнеше белгіден тұрады.

Дарындылықты ынталандырудың толықтауышы мынадай сипатта болады.

-Танып-білуге,ақыл-ой жұмысына деген шынайы қызығу,ұмтылу және еңбектену,нәтижесіне қуану.

-Өз бетімен жүргізілетін шығармашылық зерттеу жұмыстарына деген ұмтылыс пен қызығушылық;

-Қайталанбас,өзіндік қабілеттер аясында түрлі оқу және оқудан тыс уақыттағы жұмыстарға қатысуға деген ұмтылыс.

-Өзін жетілдіруге,ойларын жүзеге асыруға өзін және өз жұмысының нәтижесін бағалай алуға қабілеттілі мен ұмтылысы;

-Жоғары танымдық мүмкіндіктің болуы,айқын қабілеттер мен шығармашылық қабілеттердің болуы;

-Өз бетімен жұмыс істей алушылық,ойлау мен кез келген мәселені шешудегі қайталанбастық;

-Жаңалық ашуға деген мақсаттылық,ілеспелі шығармашылық ой –өріс;

-Жоғары белсенділік,танымдық қуаныш,ойлаудағы еркіндік,өз-өзіне деген сенім,ынтасы күшті,есте сақтау қабілеті жоғары,қуатты,шешім қабылдауға бейім және т.б.

Оқушына дарындылыққа дамытуда,өзіндік жұмысты үнемі ізденіп орындау барысында мынадай өзгерістер болады:

1.Оқушының білім алуға белсенділігі артады
2.Пәнге деген қызығушылығы артады
3.Териялық іздену қабілеті артады
4.Нақтылыққа дәлдікке ұмтылады
5.Танымдық қабілеттер қалыптасады
6.Оқушының байқампаз,өз ісіне,қылығына өзі баға беруге дағдыланады,үйренеді.

Осы тұрғыда мұғалім өз сабағында оқушыны дербестікке баулуға назар аударғаны орынды. «Дербестік » дегеніміз оқушының алдына нақты мақсат қойып,сол мақсатқа жету жолын өз бетінше таба білетің,шешімдерін кез келген қиындықтарды жеңе отырып баратын жолы.Оқушыны дербестікке баулу нәтижесінде дарынды ұрпақ жеке тұлға қабілетін айқындайтын формула.

Сонымен дарындылыққа барар жодың басты міндеті:

-Оқушының жеке ерекшелігі мен қабілетін зерттер зерделеу.

-Шығармашылық ғылыми ізденіске өзіндік интеллектісінің дамуын назарда ұстау.

-Оқушының өз бетінше әркет етуіне мүмкіндік беру.

Қорыта айтқанда,оқушының сезімін оята отырып,шабытын ұштайтын,сөйтіп оны шығармашылыққа жетелейтін бірден-бір жол-баланың жүрек түкпірінде жатқан асыл қасиеттерді жарыққа шығару.Ол оқу –тәрбие процесінде үздіксіз жүретін ,мұғалім мен оқушы арасында үнемі байланыста болатын сезім жібі арқылы жүзеге асады.

Дарынды баланы тану-нақтылы бір баланың дамуын талдаумен байланысты ұзақ үрдіс.Шығармашыл оқушылардың дарындылығын анықтау кезінде кешенді көзқарас танытқан маңызды болып табылады.

Қолданылған әдебеттер:

1.Ү.Б.Жексенбаева «Балалардың дарындылығын диагностикалау» әдістемелік құрал Алматы-2005ж

2. «Дарынды оқушылармен жұмыс»Мектеп орынбасарлары-2010

3.Акменбетов Қ.Ж «Дарындылықтың теориялық негіздері»-2009

4.Бабаева Ю.Д Динамическая теория одаренности. Основные современные концепции творчестван одаренности-1997

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Борашева Гулмаржан Елубековна

Бұл мақалада мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің еліміздегі маңызды мәселе екені, сонымен қатар түрлері жіктеліп жазылған. Құзыреттілік ұғымына берген көрнекті ғалымдардың анықтамасы келтірілген.Жоғары оқу орнындағы педагог құзыреттілігі педагогикалық қабілеттер негізінде және құзыреттілік түрлерінің жиынтығынан тұратынын ашып көрсеткен. Педагогикалық құзыреттіліктің педагогикалық іскерлікпен байланысына сипаттама берген.

В данной статье рассматривается проблема профессиональной компетентности учителя, а также классификация видов. Приведено определение выдающихся ученых, давших понятие компетентности. Педагогическая компетентность в высшем учебном заведении состоит из совокупности видов компетенций и на основе педагогических способностей. Дала характеристику связи педагогической компетентности с педагогической деятельностью.

In this article, it is written that the professional competence of a teacher is an important issue in our country, as well as the classification of types. The definition of the concept of competence is given by outstanding scientists. The competence of a teacher in a higher educational institution is based on pedagogical abilities and consists of a set of types of competencies. Description of the relationship of pedagogical competence with pedagogical activity.

Түйінді сөздер: мұғалім, кәсіби құзыреттілік, педагогикалық құзыреттілік, заман талабы.
Ключевые слова: учитель, профессиональная компетенция, педагогическая компетенция, современные требования.
Keywords: teacher, professional competence, pedagogical competence, modern requirements.

Қазақстан Республикасының егеменді елге айналуы, экономика бағытының нарықтық модельде құрылуы, ұлттық білім беру жүйесіне енуі білім берудің жаңашыл бағыты мен сипатының обьективтік факторларымен түсіндіріледі. Қоғамымыздың түбегейлі жаңаруы сол жаңаруға сай мамандар потенциалын дайындамайынша мүмкін емес.

Жоғары білім беру жүйесінде негізгі ағым мамандардың дайындық сапасын көтеруге, инновациялық білім беруді дамытуға, ғылыми-зерттеу әрекетімен кіріктірілуге, жоғары оқу орындары зерттеулерінің әлеуметтік және экономикалық сала талаптарымен тығыз байланыста болуына, ақпараттық және білім беру технологиясын жетілдіруге саяды.

Сонымен қатар, заман талабы педагог мамандардың құзыреттілік сапаларын қоғамның жаңа құрылымына сәйкес белгілеп отыр. Білім – қоғамды әлеуметтік, мәдени үрдіспен қамтамасыз ететін жоғары құндылық болса, сол жоғары құндылық сапасын көтерудің басты шарты – педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту болып табылады.

Құзыреттілік деп қызметтегі тұлғаның жеке мүмкіндіктерін, оның белгілі бір мәселені шешуге жағдай жасайтын біліктілігін айтады. Құзыреттілік – білімдер мен іскерліктерді, іс-әрекет тәжірибесін меңгеру нәтижесінде белгілі бір іс-әрекет түрін табысты жүзеге асыруға қабілеттілігін сипаттайтын тұлғаның кіріктірілген қасиеттері.

Құзыреттілік анықтамасын берген көрнекті зерттеуші-ғалымдардың ішінде Ш.Таубаеваның анықтамасының ерекше мәні бар: «Құзыреттілік – ол тұлғаның оқыту және әлеуметтену процестері барысында меңгерген білім мен тәжірибеге негізделген, оның жалпы қабілеті мен іс-әрекетке даярлығы ретінде айқындалатын, тұлғаның кіріктірілген қасиеті» деп қарастырады [1, 32 б.].

Адам білімді және сәйкесінше тәжірибені меңгеру негізінде құзыретті болады. Сол себепті, құзыреттілік ұғымы қазіргі таңда елімізде де, шетелде де білім берудің нәтижесі ретінде қолданысқа ие. Құзыреттілік ұғымы белгілі бір салада шешім қабылдауға, тұжырымдар жасауға мүмкіндік беретін адамның қабілеттілігі мағынасында қолданылады. Бұл қабілеттіліктің негізін білімділік, хабардарлық және іс-әрекет тәжірибесі құрайды. Осы арқылы құзыреттілік ұғымының жинақтаушылық, кіріктірушілік сипаты айқындалады.

Жоғары оқу орнындағы педагог құзыреттілігін қалыптастыру бүгінгі кәсіби тұрпатты маман дайындаудағы қоғамның сұранысы мен

қажеттіліктерінен туындап отыр.

Жоғары оқу орнындағы болашақ мұғалімнің мынадай құзыреттіліктің түрлерін игеруге тиіс:

Арнайы құзыреттілік – өзінің кәсіби қызметпен жоғары деңгейде айналысатын және өзінің кәсіби дамуын одан әрі жобалай білетін қабілет.

Әлеуметтік құзыреттілік – бірлескен кәсіптік қызметпен айналысу қабілеті қызмет ету, басқару кәсібінде қабылданған кәсіби қарым-қатынас тәсілдерін қолдана білу.

Білім беру құзыреттілігі – білім беру қызметінде кәсіби білімді, білік пен дағдыны, мақсат қоюшылықты игеруге деген қызығушылық және білім беру қызметінде субъектілік пен креативтіліктің дамуына ынталылық, педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана білу қабілеті[2, 64 б.].

Осы аталған құзыреттіліктерге ортақ белгілер бар:

- іргелі және интеграциялық білімнің жоғары деңгейі;
- жинақталған іскерлік, дағды қабілеттерді меңгеру;
- кәсіби педагогикалық қызметтің жаңашыл әдістері;
- инновациялық технологияны меңгеру;
- шығармашылық шеберлік.

Жоғары оқу орнындағы педагог құзыреттілігі педагогикалық қабілеттер негізінде және құзыреттілік түрлерінің жиынтығынан тұрады. Бұл жөнінде В.А.Сластенин: «Педагогтың кәсіби құзыреттілігі педагогикалық іс-әрекетті атқару үшін қажетті теориялық және практикалық дайындығы және ол мұғалімнің кәсіби профессионализмі» деп сипаттайды [3, 122 б.].

Педагогтың кәсіби құзыреттілігі ұғымы мұғалімнің жеке мүкіндіктерін білдіреді, ол педагогикалық ситуацияларды дербес және тиімді шешуге ықпал етеді. Ол үшін мұғалім педагогикалық теорияларды және оны практикада қолдануды білуі керек.

Педагогикалық құзыреттілік – педагогтың кәсіби көрсеткіші, педагогтың дайындығы және қабілеттенуі арқылы, іс-әрекеттерді меңгерудің әдістері мен құралының шынайылығында, алға қойған міндеттерді шешу мүмкіндігінде көрінетін нәтиже.

Көрнекті ғалым В.А.Мижериковтың зерттеуі бойынша, мұғалімнің педагогикалық құзыреттілігі дегеніміз кәсіби іс-әрекетті орындаудағы теориялық және практикалық дайындықтарының бірлігі [4, 155 б.].

Жоғары оқу орны оқытушысының кәсіптік-тұлғалық құзыреттіліктері энциклопедиялық сөздікте былайша жіктеледі:

Бейімделу – өркениетті адамның жайлы өмірді қамтамасыз етуде, қоршаған әлем туралы білімінің, табиғатқа қатынасы, ортаның өзгергіштігіне бейімделу және бірегей табиғи байлықты шынайылықтың шығармашылық жолмен түрленуін сақтау арқылы қолданылатын интеллектуалды, физикалық және психомоторлы біліктіліктердің жиынтығы.

Әлеуметтік-ұйымдастырушылық – әртүрлі нақты әлеуметтік жағдаяттарды шешу үшін мақсатты таңдалған жол іздеу негізінде адамдардың арасындағы қарым-қатынастардың барлық қатынасушылар үшін қолайлы өзгеріске әкелетін, нәтижесінде өз мақсаттары, көңіл-күйі, әрекет ету тәсілдерін реттеуді қажет ететін тұлғаның білімдерінің, рефлексивті біліктіліктерінің және қабілеттіліктерінің жиынтығы.

Коммуникативті – құрылымы жағынан күрделі және білім беруді ұйымдастыруда тұтас, қарым-қатынас жасаудағы негізгі міндеттерді табысты жүзеге асыруды және тұлғаның өз мүмкіндіктерін ашуын қамтамасыз ететін және лингвистикалық біліктіліктерді меңгерумен сипатталатын, тілдік тәртіптің арнайы әлеуметтік-мәдени нормалары мен қарым-қатынас жасаушылар арасында психологиялық заңдар, қолайлы жағдайды қолдау, тұлғаның әсерлі сезімтал ортасын дамыту.

Құндылықты-мәнді – тарихи дәуірге, әлеуметтік немесе тендерлік топқа, адамның белгілі бір уақыт аралығындағы кәсібіне қатысты өзгермейтін сипаттағы құзыреттіліктердің жиынтығы, сонымен қатар олар тұлғаның озық ойы мен әрекетін анықтайды, оның уақыттан озу қасиетін келешектің әулиесі және жаратушысы болуын, күн ілгері тұлғаның сыртқы әрекеттерге қатысты тұрақтылығын анықтайды, кез келген жағдайда адамның дербестігін сақтауды қамтамасыз етеді[5, 178 б.].

Сонымен, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі үшін психологиялық-педагогикалық және арнайы білімдерді меңгеруі керек, сонымен бірге ол білімдерін нақты бір ситуацияларда қолданылуы қажет. Кәсіби құзыреттілік мұғалімнің өз ісінде шебер болуын анықтайды деп айтуға болады.

Педагогикалық құзыреттілік мұғалімнің теориялық және практикалық дайындығынан құралады. Олар өз кезегінде педагогикалық іскерліктерге бөлінеді. Педагогикалық құзыреттіліктің құрылымы:

Педагогикалық іскерлік – бұл теориялық білімге негізделген және үйлесімді тұлғаны дамытуға бағытталған, бірізді жүзеге асатын автоматтандырылған әрекеттердің жиынтығы. Педагогтың теориялық дайындығы педагогикалық ойлау іскерлігі мындай түрде көрінеді: аналитикалық іскерлік, болжау іскерлігі, жобалау іскерлігі, рефлексивті іскерлік.

Аналитикалық іскерлік педагогикалық құбылыстарды талдай алу, зерттейтін құбылыстарға сәйкес педагогикалық теорияларды, заңдылықтарды анықтау, педагогикалық құбылыстарды дұрыс болжай алу, міндеттерді тиімді шешу жолдарын анықтаудан тұрады.

Болжау іскерлігі білім беру үрдісін басқарумен байланысты және ол басқару субъектісі мен күтілетін нәтижеге бағытталады. Педагогикалық болжау педагогикалық үрдістің логикасы мен мәні туралы

нақты білімге негізделеді. Болжау іскерлігі білім берудің мақсаты мен міндеттерін анықтаудан, оларға жету үшін әдістерді таңдаудан, мүмкін болатын кедергілерді білу, оларды жою жолын білуден, білім беру процесіне қатысушылардың өзара әсерлесу мазмұнын жоспарлаудан құралады.

Жобалау іскерлігі деп оқыту және тәрбие жолдарын нақтылау, кезеңдер бойынша негіздеу, іс-әрекет түрлері мен мазмұнды жоспарлау, оқушылармен жеке жұмысты жоспарлауды айтады.

Рефлексивті іскерлік педагогтың өзіне бағытталған бақылау-бағалау іс-әрекетін жүзеге асыруда қолданылады. Рефлексия – өзімізді, әрекеттерімізді талдауға бағытталған теориялық іс-әрекеттің ерекше түрі [6, 107 б.].

Сонымен, жоғарыда айтылған мәселерді қорытындыласақ, жоғары оқу орнындағы педагог құзыреттілігін қалыптастыру бүгінгі кәсіби тұрпатты маман дайындаудағы қоғамның сұранысы мен қажеттіліктерінен туындағанын түсінеміз. Жоғары оқу орнындағы болашақ мұғалім арнайы, әлеуметтік, білім беру құзыреттіліктерін игеруге тиіс. Жоғары оқу орнындағы педагог құзыреттілігі педагогикалық қабілеттер негізінде және құзыреттілік түрлерінің жиынтығынан тұрады. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі педагогикалық іскерліктің түрлерімен де тығыз байланысты. Педагогикалық іскерліктер – мұғалімнің әр түрлі әрекеттерінің жиынтығы, ең бастысы олар педагогикалық іс-әрекеттің қызметіне сәйкес келеді, белгілі бір мөлшерде мұғалімнің жеке психологиялық ерекшеліктерін анықтайды.

Әдебиеттер тізімі:

1.Таубаева Ш. Жоғары педагогикалық оқу орындарында мамандарды даярлау сапасын басқару. Алматы, 2006 – 32 б.

2.Жүсіпова Ж.А. Педагогикалық шеберлік. Алматы, 2011. – 64 б.

3.Кертаева К.М., Боталова О.Б. Организация психолог-педагогических исследований. Павлодар, 2005 м – 122 с.

4.Ғаббасов С. Педагогика мен психология негіздері. Алматы, 2012 – 155 б.

5.Новиков А. Методология образования. Москва, 2002 – 178 с.

6.Қаңтарбай С.Е., Жусупова Ж.А. Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі. Алматы, 2011 – 107 б.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
UZDIK KALAM

ТАРИХ САБАҒЫНДА ЗАМАНАУИ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Бурабаева К Т
Ақтөбе қаласы Сазды
орта мектебі
Тарих пәнінің
мұғалімі

Білім саласына еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан – жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, жаңа идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал казіргі заманның оқушысы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне үлкен мән береміз. Өйткені, оқытудың әр түрлі технологиялары зерттелініп, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп мектеп өміріне енуде. Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал білім беру әдістемелері арасында өздігінен білім алуға негізделген тәсіл кең тараған. Бұл теория оқушылардың ойлауын дамыту, олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған білімдерімен өзара әрекеттесуі жағдайында жүзеге асады деген тұжырымға негізделеді. Осыған орай оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда оқытудың жаңа технологияларын жетік меңгеріп қана жетуге болады.

Оқыту барысында жаңа технологиялық әдістерді пайдалану шәкірттердің ойлана білу қабілеттерін дамытады, олардың білім сапасын жақсартады, ой өрісін кеңейтеді, есте сақтау қабілеттерін өсіреді. Оқыту мен дамыту әдістерінің екеуі де жеке тұлғаның қалыптасуына үлкен ықпал ететін маңызды айғақтар болып саналады.

Мектепте оқытуды ұйымдастыратын бірден – бір нұсқа сабақ болса, сабақтың нәтижелі болуына ықпал ететін нұсқа сол сабақты өткізудің әртүрлі әдіс-тәсілдері, яғни жаңашыл сабақ. Қазіргі кезде шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдердің тынымсыз ізденуі нәтижесінде оқу-тәрбие жұмысының тиімділігін арттырудың жаңа технологиялары өмірге келді. Біздің міндетіміз-оқушыға оны бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету.

Оқыту барысында жаңа технологиялық әдістерді пайдалану шәкірттердің ойлана білу қабілеттерін дамытады, олардың білім сапасын жақсартады, ой өрісін кеңейтеді, есте сақтау қабілеттерін өсіреді. Оқыту мен дамыту әдістерінің екеуі де жеке тұлғаның қалыптасуына үлкен ықпал ететін маңызды айғақтар болып саналады.

Тарихқа деген қызығушылығын арттыру үшін сапалы білім берудің тиімді жолдарын таңдау, тарихи және мәдени мұралармен таныстыру, қосымша элементтерді пайдалану мен тарихи деректерді оқып білім алып шығармашылықпен айналысуына жағдай жасау сияқты жаңа педагогикалық технологиялармен инновациялық бағыттарды, әдістер мен тәсілдерді енгізу. Заманауи әдіс-тәсілдер сабақ барысында шәкірттердің сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін жетілдіруге, дамытуға арналған оқыту технологиясы оларға еркін ойлауға, байқалған, баяндалған мазмұнынан тәуелсіз пайымдамалар жасауға мүмкіндік береді, шығармашылық белсенділігі жоғарылайды, ұжымдық ойласу, ұжымдық тұжырымдар жасауға белсене атсалысады, ұжымдық қорытындыда өз үлесі бар екенін сезіп, келесі мәселелер түйінін шешуге еркін араласады, өз ойын жасқанбай айтуға үйренеді. Тақырыптың негізгі өзегін, бағытын, мән-мағынасын түсінеді, тіл байлығын жетілдіреді, өз ойын қысқа, мазмұнды, мағыналы, дәлелді баяндауға дағдыланады, пәнге қызығушылығы артады, ғылым негіздерін игеру әдістерін меңгереді , сөйтіп өзін келесе мәселені талдауға дайындайды. Оқушы бұрын тек тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші болады, ал мұғалім осы әрекетке бағыттауда, оқуды ұйымдастыруда жетекші рөл атқарады

«Бес жолды өлең», «Вен диаграммасы», «Кейіпкерге хат», «Кубизм», «Т кестесі», «ПОПС формуласы», «Шахмат», «Фишбоун» т.б. әдіс-тәсілдер әр сабақтың ерекшелігіне ауыр-жеңілдігіне қарай лайықты қолданылады. Бұл әдістің тиімділігі сабақтан тысқары қалатын оқушы болмайды.

Заманауи оқытуда оқушы өз бетінше білім алуды ұйымдастырады, сын тұрғысынан нақты мақсатты шешім қабылдауға үйренеді, оқушылар кез-келген сұраққа өмірден мысал келтіре отырып салыстырып жауап береді.

Тарих сабағын оқыта отырып, жаңа иновациялық технологияларды тиімді пайдаланып,өзіндік жұмыс және тарихи диктант,тірек сызбалар,кластерлер, хронологиялық таблицалар,пікірталас сынақ осытәрізді әдіс-тәсілдерді білім сапасын арттыру мақсатында түрлендіре отырып қолданған тиімді. Бұл жұмыстар оқушылармен тығыз байланыста болуға, оқушы бойындағы табиғи мүмкіндіктерді ашуға, оқушының танымдық іс-әрекеттерін қалыптастыруға, оқушы тарапынан белсенділік танытып, дербестік көрсетуіне,

өзіне деген сенімділігін қалыптастыруға көмектеседі. Оқушылардың алған білімдерін кеңейтіп, логикалық ойлау жүйесін дамытып, тиянақты білім алуына жол ашады. Сабақта оқушының жеткен жетістігін баса көрсетіп, оның пәнге деген қызығушылығын арттырып, оқушыларды өз бетімен ізденіп жұмыс істеуге баулу, шығармашылық қабілеттерін шыңдайды. Бірақ шамадан тыс тапсырмалар беруден сақтану керек, ең басты оқиғалар мен фактілерді ғана білуі керектігін ескеріп, нақты тапсырмалар берген жөн. Сондай-ақ, күнделікті сабақта оқушылардың білімін бағалауға да тигізер көмегі көп.

Мен сабақтарымда интерактивті тақтаны жиі пайдалануға тырысамын. Сабақ барысында заман талабына сәйкес электронды оқулықтар арқылы оқытуды да пайдаланамын. Оқытудың мұндай инновациялық, интерактивті әдістері оқушылардың бұрынғы дәстүрлі сабақтармен салыстырғанда нәтижелі білімді игеруіне жағдай туғызады . Яғни, бұл жағдайда оқушылардың сабақ үрдісіндегі белсенділігі, пәнге қызығушылығы артады.

Бұл әдістер оқушыларды тапқырлыққа, тездікке, ойын жинақтай білуге, жүйелі білім алуға тәрбиелейді. Ақпаратты технологияларды пайдалану арқылы мектептегі сабақтарды жаңаша ұйымдастыру, мұғалімнің рөлі мен қызметінің артуына жағдай жасау, теориялық, ғылыми – педагогикалық және психологиялық зерттеулерге сүйене отырып, оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру, ақпараттық технологиялар мен инновациялық оқыту әдістері арқылы оқушыларды ізгілікке, елжандылыққа, саналыққа, адамгершілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Инновациялық әдістерді баланың білім деңгейіне және жас ерекшелігіне қарай оқу үрдісінде пайдалану негізгі міндет болып табылады. Оқушылармен материалды игеру үрдісін психологиялық түрде жеңілдетеді. Пәнге деген танымдылық қызығушылығын тудырады. Оқушылардың көз қарасын кеңейтеді. Сабақ үстінде көрнекілікті қолдану мүмкіндігі өседі. Тарихты оқуға және үлгерімді жоғарылату қызығушылығы туады. Теориялық материалды толық игеру болады. Ақпаратты табу, оны компьютерлік технология арқылы өңдеу, өз көзқарасын нақты және қысқаша қалыптастыру дағдысы. Сабақ үстінде оқушының да мұғалімнінде еңбек өнімінің жоғарлауы болады. Бүгінгі күні республикамызда білім беру жүйесінің түбегейлі өзгеріске ұшырауы анықталғаны баршамызға аян. Оның негізгі факторы жаһандану үрдісіндегі білім беру саласында жаңа модельдердің дүниеге келуі, білім беру үрдісінің ақпараттандырылуы болып табылады. Прогрессивті концепциялардың пайда болуы, білім беру үрдісінде алға кеткен мемлекеттердің тәжірибесімен танысу және соның нәтижесінде ұлттық білім беру моделін құрастыру бүгінгі күні өте өзекті мәселе болып табылады, өйткені нарықтық экономикаға негізделген мемлекетіміздің келешегіне мамандар қажеттігінен туындайды. Ақпараттық және педагогикалық технологиялар негізінде мұғалімнің рөлін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік туды, мұғалім тек қана білімді алып жүруші ғана емес, сонымен қатар оқушының өзіндік шығармашылық жұмысының жетекшісі және бағыт берушісі болып анықталды. Осыған орай сабақ беру үрдісінде қазіргі күннің, яғни инновациялық әдістерді оқытудың интерактивті оқыту моделі болып табылады. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» — деген бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі біз тәрбиелеп отырған жас ұрпақтың меңгерген біліміне, алған тәжірибесіне байланысты екеніне еш күмәнім жоқ. Оқушылардың танымдық көзқарасын байыту ақыл-ой қабілетін жетілдіру, өзіндік ойлау және өмірлік ұстанымын қалыптастыру мұғалімнің шеберлігіне, шығармашылық қабілетіне байланысты. Ұлы ойшыл Уильям Уорд « Жай мұғалім – хабарлайды. Жақсы мұғалім -түсіндіреді. Керемет мұғалім – көрсетеді. Ұлы мұғалім – шабыттандырады» деген екен. Сондықтан XXI ғасыр мұғалімі жан-жақты болуы заңды деп ойлаймын. Оқыта отырып тәрбиелеу-қазіргі заман мұғалімінен талап етілетін басты мәселе. Сондықтан атақты педагог К.Д.Ушинскийдің «Оқыту-тәрбиелеудің қуатты органы, бұл органды пайдалана білмеген тәрбиеші шәкірттерге әсер етудің ең басты және қажетті құралынан айрылады» деген сөзін үнемі жадымызда сақтасақ деймін.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ИЗУЧЕНИЕ КАЧЕСТВА ЧТЕНИЯ И ПОНИМАНИЯ ТЕКСТА

Витвицкая Наталья Леонидовна
учитель нач. классов
Титова Елена Николаевна
учитель нач. классов
КГУ «Комплекс – школа – ясди – сад №33»
Казахстан, город Караганда

Международное исследование качества чтения и понимания текста PIRLS - это мониторинговое исследование, в котором принимают участие различные страны мира, в том числе и наша Республика Казахстан.

Если сравнить результаты последних исследований, то можно отметить положительную динамику. В 2016 году мы были на 27 месте, то уже в 2021 году на 20. Не случайно, что в исследовании принимают участие обучающи-еся, закончившие четвёртый класс начальной школы. К моменту окончания начальной школы у учащихся должна быть хорошо сформирована чита-тельская грамотность. Читательская грамотность – это способность личности к чтению и пониманию любых письменных текстов и учебных материалов, направленная на формирование умения извлекать необходимую информа-цию из прочитанного, что позволит обучающемуся успешно продолжить обучение, поэтому это исследование будет всегда актуальным.

Для нас учителей понятно, что чем раньше мы начинаем работу по формированию читательской грамотности, тем выше учебные достижения обучающихся. Как и к любому исследованию, так и к исследованию **PIRLS** обучающихся необходимо готовить.

Делать это регулярно, планомерно с включением всех четырех групп читательских умений

- нахождение информации, заданной в явном виде;
- формулирование выводов;
- интерпретация и обобщение информации;
- анализ и оценка содержания, языковых особенностей и разнообразных видов заданий и форм работы на-ними



Целью нашей работы является создание рабочей тетради и методиче-ского руководства для учителей по рассказу Льва Николаевича Толстого «Акула» . Нами разработаны 2 рабочие тетради. Одна тетрадь для учащих-ся, где представлены задания. Вторая тетрадь для учителя- это «Руковод-ство по оцениванию работ обучающихся». Данным руководством, для само-оценивания, может воспользоваться и ученик.

Тетради для ученика состоит из инструкции, самого текста рассказа «Акула» и 6 заданий. В инструкции мы указали, как выполнять каждое за-дание.

После изуч ения инструкции, учащийся знакомится с текстом рассказа Л. Толстого «Акула». Здесь же, дополнительно, мы представили ссылку на ка-нал для прослушивания текста, если ученик хочет ускорить свою работу, включив навыки прослушивания текста.

Предлагаем краткий обзор на задания:

-задания с выбором ответа, которое оценивается 1 баллом

Задание 1 Будь внимателен! Ответь на вопросы. Мы подобрали 15 заданий в тестовой форме.

1. **Где стоял корабль?**

а) У берегов Австралии б) У берегов Африки в) У берегов Америки

2. **Какая погода установилась к вечеру?**

а) Прохладная б) Приятная в) Жаркая и душная

3. **Какой приказ отдал капитан?**

а) «Отдать швартовый!» б) «Полный вперед!» в) «Купаться!»

№	Высказывания	факт	вымысел
1	События в рассказе происходят у берегов Африки.		
2	Капитан с палубы корабля отдал приказ: «Нырять!»		
3	Мальчики вытягивались в воде при плавании, как хамелеоны.		

Задание 2 Факт или вымысел? Прочитать высказывания, за-данные в таблице и отметить факт или вымысел в соответствующей колонке. оцениваются 1 баллом. Иллюстрации созданы с помощью ИИ;

№	Высказывания	факт	вымысел
1	События в рассказе происходят у берегов Африки.		
2	Капитан с палубы корабля отдал приказ: «Нырять!»		
3	Мальчики вытягивались в воде при плавании, как хамелеоны.		

задания на установление последовательности событий

ЗАДАНИЕ 3. Прочитай и соотнеси картинки с планом рассказа. К иллюстрации необходимо подобрать соответствующий пункт плана.



ЗАДАНИЕ 4. Пронумеруй иллюстрацию и соответствующий ей отрывок из рассказа. Из текста рассказа мы выбрали 4 отрывка, с помощью искусственного интеллекта подобрали 4 иллюстрации. Наш корабль стоял на якоре у берега Африки. На корабле с нами было два мальчика. Мальчики первые попрыгали в воду, но им тесно было в парусе, и они вздумали плавать наперегонки в открытом море. задания со свободно конструируемым ответом оцениваются от 1 до 3 баллов в зависимости от сложности задания.



ЗАДАНИЕ 5. Ответь на вопросы. 7 открытых вопросов, на которые учащийся должен дать письменные ответы.

1. **Почему матросы купались в парусе?**

(В тетради – руководстве для учителя представлены простые примерные ва-рианты ответов, взятых из реальных ответов учеников нашей школы, кото-рые уже прошли апробацию данного текста)

2. **Опираясь на данные рассказа, опиши климатические условия, в которых находились главные герои. (вопрос на развитие функциональной грамотности)**
3. Как матросы спасали мальчиков?

_____

4. **Как вы относитесь к забавам мальчиков?**

ЗАДАНИЕ 6. ДУМАЙ! РАЗМЫШЛЯЙ! ОТВЕЧАЙ Ребятам необхо-димо составить памятку для безопасного купания в местах, где есть аку-лы. Читая 1 высказывание и анализируя его, ученик дополняет предло-жение отдельными словами. Приём деформированного текста.

1. Избегай купания в сумерки и на рассвете

Акулы более активны в это время суток. Лучше купаться _____, когда видимость хорошая.

2. Не купайся в воде, если ты ранен

Даже маленькие порезы могут привлечь акул. Если у тебя есть _____, лучше отложи купание.

3. Не плавай в одиночестве

Купайся только с _____или взрослыми. Акулы могут быть опасны, если ты один в воде, а в группе тебе будет легче заметить опас-ность.

4. Не носи яркую одежду и блестящие украшения_____цвета и блеск могут привлечь внимание акулы, особенно если ты находишься в воде, где много рыбы.

Оценка результатов производится по Руководству для оценивания. В нем дана инструкция для учителя, осуществляющего проверку.

Максимальный балл за выполнение всех заданий тетради –59.В руководстве даны ОТВЕТЫ К ЗАДАНИЯМ И КРИТЕРИИ ОЦЕНИВАНИЯ.

Оценка результатов

Для качественной и количественной оценки выполненных работ в PIRLS ис-пользуется следующая система:

— задания с выбором ответа оцениваются 1 баллом;

— задания на установление последовательности событий оцениваются 1 бал-лом;

— задания со свободно конструируемым ответом оцениваются от 1 до 3 бал-лов в зависимости от сложности задания.

Для окончательной обработки результатов использовалась современная тео-рия тестирования.

Проведя работу с учениками, мы сделали следующие выводы:

- данные задания необходимо использовать и при работе над разными тек-стами;
- каждое из предложенных форм работ формирует ключевые компетенции для развития читательской и функциональной грамотности;
- использование Искусственного интеллекта при составлении заданий значи-тельно экономит время для работы учителя;
- чётко разработанные критерии оценивания в «Методическом руководстве» для учителя, позволяют увидеть уровень сформированности читательской и функциональной грамотности обучающихся.

Рекомендуем коллегам использовать данные задания для подготовки к Международному исследованию качества чтения и понимания текста PIRLS, для формирования читательских умений, которые позволят обучающему-ся расширять свои знания в любой области, достигать поставленных целей и активно взаимодействовать в обществе других людей.

ҚАЗАҚ ТІЛДІ ЕМЕС СЫНЫПТАРДА ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕҢГЕРТУ ӘДІСТЕРІ

Гиззатова Альфия Айсиновна
Ақтөбе қаласы №1 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Орыс сыныптарындағы қазақ тілін жүргізу мұғалімдерден көп дайындықты талап етеді. Сапалы сабақ оқу тәрбиесінің нәтижелі болуына тікелей әсер етеді.

Тілді оқытып, үйретудің сапасын арттыру әр түрлі жағдайларға байланысты. Орыс мектебінде оқытылатын қазақ тілі пәнінің түпкі мақсаты – оқушыларға қазақ тілін меңгерту, ойлау қабілеті мен сауаттылығын арттыру, қазақ тілінде сөйлеп, жаза білетін дәрежеге жеткізу, қазақ халқының әдет-ғұрпын, тарихын танып талаптандыру, тілін құрметтеуге тәрбиелеу, сонымен қатар Отанды, табиғатты, айналадағы құбылысты, тыныс – тіршілігімен жан-жақты терең таныстыру.

Тіл дамыту-қазіргі мектептің оқу-тәрбие ісіндегі басты проблема-тіл мен сөйлеу процесін жіктей оқыту, оқушының дұрыс сөйлей білуіне көңіл бөлу. Сондықтан, мұғалім қазақ тілі сабақтарында тіл дамытуға, байланыстырып сөйлеуге айрықша көңіл бөледі, тілдік материалдарды дұрыс бере білу, тілдің теориясы мен сөйлеу практикасының бір-бірімен қарым-қатынасы түрлі жаттығу жұмыстары арқылы іске асырылады.

Қазақ тілді емес сыныптарда қазақ тілі пәні арқылы қалыптастыруға бағытталған пәндік құзіреттіліктер оқушылардың қоғам қажеттілігіне сай мемлекеттік тілде қарым-қатынас жасуға ынталы болуын, жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдана алуын, халқының өткен тарихын білуін, отбасында, қоғамда және адамдармен қарым-қатынаста өз көзқарасын білдіре алуын қамтамасыз етуге бағытталуы қажет . Демек, оқушы өз ойын ауызша да, жазбаша да қазақ тілінде сауатты білдіру тіл дамыту жұмыстарын тиімді ұйымдастыруға тікелей байланысты. Олай болса, оқушы әр сабақта бірнеше жаңа сөз үйрену керек деген ұстаным басшылыққа алынуы тиіс. Осы орайда оқушылардың түсініп тыңдау дағдыларын дамыту басты мәселе болып табылады. Сөздерді, сөз тіркестерін түсіне білу, дыбыстарды, дауыс ырғағын ажырата білу қабілетін қалыптастыру

мақсатында сөздік жұмысы жүргізіледі.

Тілді дамыту дегеніміз – оқушының сөздік қорын дамыту, ойлаған ойын өз еркінше басқа адамға жеткізе алу, оның сөзін түсіне білу, қысқаша айтқанда еркін сөйлей білуге үйрену. Осыдан келіп тіл дамыту жұмысының кең аялы екенін көреміз.

Адам әрқашанда өз ойын ауызша және жазбаша жеткізеді, сол себептен бұл ұғымдар өзара байланысты. Ауызша жеткізу дегеніміз – сөйлеу. Сөйлеу – тілдің көмегімен қарым-қатынас жасау. Әр адам сөйлеу арқылы екінші адамға өз ойын жеткізе алады.

Сөйлеу әрекетінің өз сипатамалары бар. Солардың бірі – сөйлеудің мазмұнды да мәнерлі болып келуі. Егер сөйлейтін сөзде мазмұн болмаса ол сөз мәнін жоғалтуы мүмкін. Ал сөзді мәнерлеп айту – әрбір сөйлемге әсерлі үн, саз береді. Аталарымыз айтқандай, бір ауыз сөзбен адамды дертінен жазуға немесе өлтіруге болады. Демек, сөздің құдіреті өте күшті. Сабақтың пікірлесу кезеңінде оқушылар әрбір сөзді орынды қолданып, әр сөзге екпінді дұрыс қоя білуі керек. Сол жағдайда ғана олардың сөйлеу әрекеттері дұрыс қалыптаса түседі.

Әр мұғалім қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту жұмыстарын шығармашылықпен жүргізіп, дұрыс ұйымдастыра білсе, ол оқушының күнделікті өмірдегі құбылысты жан-жақты түсіне білуіне жағдай жасайды.

Тіл дамыту жұмысы, негізінен, мынадай 4 бағытта жүргізіледі.

Біріншіден, мәдени, әдеби сөйлей білу нормаларына үйрету, яғни орфографиялық дағдыны меңгерте отырып, оқушыға мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру.

Екіншіден, лексикалық жұмыстар жүргізу арқылы оқушының сөздік қорын байыту, тілдің лексика және фразеология бөлімдерінен кеңірек білім беру көзделеді.

Үшіншіден, жаңа сөздер үйрету

Төртіншіден, оқушының ойын жазбаша дұрыс, сауатты жаза, әрі сөйлей білуге үйрету мақсат етіледі.

Тіл үйренуде ең басты міндет – оқушылардың сөйлеу тілін жетілдіру.

- Оқушылардың сөздік қорын дамытуға арналған әдіс –тәсілдер туралы мәлімет беру.
- Әдіс – тәсілдер туралы теориялық ұғым беру.
- Әдістерді тәжірибеде қолдана білуге үйрету.
- Қазақша сөйлеу дағдысын дамыту
- Жазбаша тілін дамытып, орфографиядан түсінік беру.
- Сөздікті дамыту.
- Сөйлеу тілінің граматикасын қалыптастыру.
- Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету.
- Диалогтік сөздің қалыптастыру.
- Түсінгенін айта білу.
- Көркем шығармамен таныстыру.
- Сауатты жазуға дағдыландыру.

Қазақ тілі сабағындағы сөздік қорды дамыту жұмыстары мынадай әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асады. Ол-сұрақ-жауап, сөйлесу, әңгімелесу, әңгіме, түсінігін айтқызу, көрнекілік, аударма, кітап пен жұмыс, мәтінмен жұмыс әдістері. Әр сабақ сайын тақырыпқа сай көрнекі құралдар, түрлі суреттер, кестелер, видео кассеталар, тақырыптар бойынша электронды оқулықтар мен сабақты көркемдеп отырса, оқушылардың сөздік қоры біршама толығады деп сенімдімін. Әдіссіз оқыту процесі жүзеге асу мүмкін емес.

Осы оқыту әдісі дегеніміз не? Соған тоқтала кеттейік.

Оқыту әдісі – дидактиканың ең басты құрамды бөлігінің бірі. Оқыту әдістері білім берудің мазмұны сияқты, оқытудың жалпы мақсаттары мен және міндеттерімен анықталады. Оқыту процесінің нәтижелі және сапалы болуы оқыту әдістемесінің тиімді шығармашылықпен жүзеге асырылуына байланысты. Ол мұғалім мен оқушының бірігіп жұмыс атқаруы. Оның арқасында білім, іскерлік, дағдының қалыптасып, оқушының дүние танымдылығы мен қабілеттілігінің артуы.

Оқу орыс тілінде жүретін мектептерде оқушыларға қазақ тілінен үйретілетін сөздер біріншіден, белгілі бір тақырыптарға, екіншіден сөз таптарға қатысты болады, сол себептен қазақ тілі сабағы әрі тілдік, әрі әдебиеттік оқу материалдарын қамтиды. Кейбір грамматикалық түсініктемелер, жаттығу шарттары орыс тілінде берілетіндіктен, салыстырмалы грамматикаға байланысты мәліметтер де қамтылады. Қазақ тілі сабағындағы сөздік қорды дамыту жұмыстары мынадай әдіс – тәсілдер арқылы жүзеге асады. Ол – сұрақ-жауап, сөйлесу, әңгімелесу, әңгіме, түсінігін айтқызу, көрнекілік, аударма, кітаппен жұмыс, мәтінмен жұмыс әдістері. Әр сабақ сайын тақырыпқа сай көрнекі құралдар, түрлі суреттер , кестелер, видеокассеталар, тақырыптар бойынша электронды оқулықтар мен сабақты көркемдеп отырса оқушылардың сөздік қоры біршама толығады деп сенімдімін. Заман өзгерген сайын әдіс – тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып отыр. Әр түрлі жаңа технологияларды оқу процесінде қолдануда. Жаңа технологияны, әдіс - тәсілдерді тиімді қолдану білім сапасын көтереді. Мемлекеттік тілдің қоғамдағы орнын көтеру үшін бүкіл жүйе болып жұмыс істеуіміз қажет. Бала енді тілі шығып, балабақшаға барып, қазақ сөздерімен танысуы тиіс. Мектеп қабырғасынан күнделікті өмірдегі, қолданыстағы тілді үйреніп шықса, жоғарғы оқу орындарын да мектеп бағдарламасын қайталамай, тілдік категорияны тереңірек оқытылса, болашақта орысша және қазақша тіл білетін маман даярлар едік. Қаншама жазсақ та, айтсақ та ісіміз оңға баспай тұр. Себебі оқушылар тек сабақта ғана қазақша сөйлеп, оны тәжірибеде қолданбайды одан гөрі ағылшын тілінде сөйлегенді ұнатады. Осындай күрделі де ауқымды мәселені шешу үшін сөздік қорды байытуға бағытталған әдістер

жайлы бағдарламамды ұсынып отырмын. Себебі сөздік қордың бай болу маңызды мәселе. Бұған үлкен көмек беретін тақырыптық модульдік бағдарлама. Әр сабақты фонетикадан бастаған жөн болар. Дауысты, дауыссыз дыбыстарға көңіл бөліп, дұрыс айтылуы мен жазылуына, сөз, сөйлем құрастыру процесін бірізді түрде жүргізіп отырса тиімді болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Қ. Ақпаева. Оқуы орыс тілінде жүретінде мектептерде қазақ тілін оқытудың кейбір мәселелері. Алматы, Рауан, 1997.
2.Ж.Т.Раева Өзге тілді мектептерде қазақ тілін оқыту үшін шығармалышық тапсырмалары ҚазМҚПИ ғылыми журнал. Филология сериясы. №5 (2). 2007. 38 бет.

БІРТҰТАС ТӘРБИЕ: ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Джукетаева Ақгүл Райымбекқызы
Сазды орта мектебі
педагог - зерттеуші

Қазіргі қоғамда бала тәрбиесі ерекше маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Тәрбиенің негізі мектепте, отбасында және жалпы қоғамда қалыптасады. Сондықтан балаға біртұтас тәрбие беру — әрбір елдің, әрбір ұлттың болашағы үшін маңызды. Біртұтас тәрбие дегеніміз — тәрбиенің барлық аспектілерін үйлестіріп, оны бір мақсатқа бағыттау, яғни адамның жан-жақты дамуы үшін барлық салалардың бірлесіп жұмыс істеуі. Бұл мақалада біртұтас тәрбиенің мәні, маңызы және оны жүзеге асырудағы негізгі принциптер қарастырылады.

Біртұтас тәрбие — бұл адамның тұлғалық, ақыл-ой, әлеуметтік, моральдық және рухани жағынан толыққанды дамуын қамтамасыз етуге бағытталған жүйелі процесс. Ол тек білім беру емес, сонымен қатар, адамның өмірге деген көзқарасын, мінез-құлқын, жауапкершілігін, азаматтық позициясын қалыптастыратын тәрбие жүйесі. Біртұтас тәрбие адамның өз іс-әрекетінде дұрыс шешім қабылдауға, қоғамда бейбіт әрі үйлесімді өмір сүруге ықпал етеді.

Біртұтас тәрбиенің басты мақсаты — балаға рухани, интеллектуалды, физикалық және әлеуметтік даму мүмкіндіктерін бірдей ұсыну, оның тұлғалық қабілеттерін дамыту, сондай-ақ оған қоғамның заңдары мен моральдық нормаларын түсіндіру.

Біртұтас тәрбие жүйесінің компоненттері

1. **Ақыл-ой тәрбиесі**

Ақыл-ой тәрбиесі баланың білім алу процесін, оның логикалық ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Бұл процесс мектепте, үйде және қоғамда жүзеге асырылады. Баланың оқуға деген қызығушылығын арттыру, сыни ойлау дағдыларын дамыту — маңызды аспектілердің бірі.

2. **Дене тәрбиесі**

Дене тәрбиесі — баланың физикалық дамуын қамтамасыз етеді. Дене шынықтыру, спортпен айналысу, дұрыс тамақтану және денсаулыққа деген жауапкершілікті қалыптастыру тәрбие үрдісінің маңызды бөлігі. Бұл баланың денсаулығын сақтау ғана емес, сонымен қатар, өзін-өзі бағалау мен өз күшіне деген сенімділігін арттырады.

3. **Моральдық және этикалық тәрбие**

Моральдық және этикалық тәрбие адамның қоғамдық өмірде дұрыс мінез-құлық пен қарым-қатынас нормаларын сақтауға негізделген. Бұл баланың жақсы мен жаманның, әділеттілік пен әділетсіздіктің, дұрыс пен бұрыстың арасындағы айырмашылықты түсінуіне мүмкіндік береді. Ата-ананың және мұғалімдердің рөлі осы салада ерекше. Олар баланы шыншылдыққа, әділдікке, өзара сыйластыққа тәрбиелейді.

4. **Әлеуметтік тәрбие**

Әлеуметтік тәрбие баланың қоғамда дұрыс қарым-қатынас орнату, өз рөлі мен міндетін

түсіну, адамдармен дұрыс сөйлесу дағдыларын қалыптастыруды қамтиды. Бала қоғамның белсенді мүшесі болып өсіп, басқа адамдардың құқықтарын құрметтей білуі керек. Бұл тәрбие түрі әлеуметтік нормалар мен ережелерді түсінуге көмектеседі.

5. **Рухани және діни тәрбие**

Рухани және діни тәрбие адамның ішкі дүниесінің дамуына, өз-өзін танып білуіне, дұрыс өмір сүруге деген ұмтылысын қалыптастыруға бағытталған. Бұл тәрбие түрі адамның моральдық бағыт-бағдары мен сенімін анықтауға көмектеседі.

Біртұтас тәрбие әдістері мен принциптері

Біртұтас тәрбиені жүзеге асыру үшін бірнеше негізгі әдістер мен принциптер бар:

1. **Ынтымақтастық принципі**

Отбасы, мектеп және қоғам — баланың дамуына жауапты үш негізгі құрылым. Бұл құрылымдар өзара ынтымақтаса отырып жұмыс істегенде ғана тәрбие тиімді болады. Мысалы, мектептегі тәрбие бағдарламасы отбасымен және қоғаммен тығыз байланыста жүзеге асырылуы керек.

2. **Тұрақты кері байланыс принципі**

Балаға дұрыс бағыт беру үшін тәрбиешілер мен мұғалімдер баланың дамуындағы өзгерістерге тұрақты түрде мониторинг жасап отыруы қажет. Баланың қиындықтары мен жетістіктері туралы уақытылы кері байланыс беріп, оған қолдау көрсету маңызды.

3. **Жеке тұлғаға бағытталған әдіс**

Әр бала — ерекше тұлға, оның мінез-құлқы, қызығушылықтары мен қажеттіліктері әртүрлі. Сондықтан тәрбие процесі балаға жеке тұлға ретінде назар аударып, оның ерекшеліктерін ескере отырып жүргізілуі тиіс.

4. **Тәрбиенің жүйелілігі мен үздіксіздігі**

Тәрбие үздіксіз процесс. Ол бала туылған сәттен бастап оның өмірінің барлық кезеңдерінде жалғасады. Баланың әртүрлі жас ерекшеліктерінде түрлі тәрбие әдістері қолданылады, бірақ олардың арасында үздіксіз байланыс сақталып отыруы тиіс.

Біртұтас тәрбиенің негізінде ұлттық құндылықтар мен дәстүрлер жатыр. Әрбір ұлттың өзіне тән мәдениеті, салт-дәстүрлері, рухани мұрасы бала тәрбиесіне әсер етеді. Ұлттық мәдениетті, тіл мен дәстүрді құрметтеу, оларды сақтап қалу — балаға берілетін біртұтас тәрбиенің маңызды құрамдас бөлігі.

Қазақ халқының ұлттық тәрбиесінде адамгершілік құндылықтар, өзара құрмет, еңбекке деген сүйіспеншілік, адалдық, батырлық және батылдық сияқты қасиеттер ерекше орын алады. Бұл қасиеттерді балаға тәрбиелеу оның жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Біртұтас тәрбие — адам тұлғасын жан-жақты қалыптастырудың негізі. Ол тек мектепте немесе отбасыда ғана емес, бүкіл қоғамда жүзеге асырылуы тиіс. Балаға тәрбие берудің біртұтас жүйесі оның ақыл-ой, дене, моральдық және рухани дамуына оң әсерін тигізеді. Осылайша, біртұтас тәрбие арқылы біз болашақ ұрпақтың дұрыс дүниетанымын, жоғары адамгершілік қасиеттерін қалыптастыра аламыз, бұл өз кезегінде қоғамның дамуына, ұлттың рухани жаңғыруына септігін тигізеді.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
UZDIK KALAM

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОҚУШЫЛАРДЫ ОҚЫТУ ӘДІСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Доскабылова Гаухар Жардемгалиевна
«Ш.Құдайбердіұлы атындағы №66
ЖББОМ»КММ
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші
Ақтөбе қаласы,

Бастауыш білім үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы басқышы екенін ескере отырып, оқушыға белгілі бір көлемдегі білім, білік, дағдыларды меңгертумен бірге табиғат қоғам, адам, айналаны қоршаған дүние туралы танымын қалыптастыру, оның жеке басының қасиеттерін жан- жақты дамыту, жоғары адамгершілік принциптерге тәрбиелеу – бүгінгі күннің басты талабы.

XXI ғасырдың бет-бейнесі біліммен өлшенбек. Ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімге ғана тән. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі,өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасындағы туындап жатқан әлеуметтік экономикалық өзгерістер еліміздің әлемдік білім деңгейіне енуі жағдайында жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес білім беру жүйесі мазмұны мен оқытудың әдістемелік жүйесін қайта қарау мәселесін талап еткен еді. Қазіргі кезде білім беру жүйесінде білім мазмұнын жаңарту,жетілдіру мәселелері өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

Білім мазмұнын жаңарту оқу материалының теориялық негіздерін жан-жақты терең қарастыруды талап етеді. Кезінде бастауыш білім жүйесінің өзгеріске ұшырауына Л.В.Занков, Д.Б.Эльконин, С.М.Языков, А.А.Люблинская т.б. ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижесі себеп болған.

Дамыту кезінде оқушыларды біліммен қаруландыру, дағдыны меңгерту, білімге құштарлықты қатар жүргізу керек. Білім жоқ бала ойлай да алмайды. Дамыта оқыту барысында білім көлемі де күрделенуге, кеңеюге тиіс деп есептелген. Еліміздің егемендік алып қоғамдық өмірдің барлық салаларында, соның ішінде білім беру саласында жүріп жатқан демократияландыру мектепті қазіргі кездегі дағдарыстан шығатын қуатты талпыныстарға жол ашты. Білімнің айрықша басымдылық алуы қазіргі қоғамдық прогрестік заңдылықтарынан туындайды.

Жаңаша білім құрылымы, негізгі әдістері, формалары, оқу құралдары дамыта оқытудың әдістемелік жүйелері сияқты маңызды мәселелер білім беру орталықтарының күнды құралы.

Ғасырлар тоғысында өзінің жаңа даму жолы мен болмысын айқындап алған Қазақстан Республикасы XXI ғасырда болашақ буын ұрпаққа білімберу мен тәрбиелеудің жаңа парадигмаларын қалыптастыруды алдыңғы кезектегі міндет етіп қойып отыр.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруге мұғалімдердің инновациялық іс- әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды мәселелердің бірі болып саналады.

Дамыта оқытуды 1950 жылдың аяғынан бастап Л.В.Занков (1901-1977) және Д.Б.Эльконин (1904-1984) зерттей бастады. Дамыта оқыту оқушыны оқу пәндерін оқып үйренуден теориялық ойды дамытатын оқу ісәрекетіне көшірді (Эльконин-Давыдов). Ол оқушыны жан-жақты дамыту міндетін қойды (Л.В.Занков).

Осы міндетті шешу үшін білім мазмұнын түбірлі өзгерту мақсаты қойылған жоқ (Л.В.Занков). Психологтар оқу процесіне оқушының ісәрекетін енгізу керектігін, оның маңызын дәлелдеді.

Дамыта оқыту арқылы оқушыға берілетін білім бұрынғыдай репродуктивтік жолмен емес, керісінше арнайы ұйымдастырылатын баланың жан-жақты “теориялық” іс-әрекеті арқылы берілетін болды.

Дамыта оқытудың екі жүйесінің де оқу бағдарламалары, оқулықтары бар, олар Ресей мектептерінде кең қолданылуда. Көбіне бастауыш мектептеқолданылады. Дамыта оқыту принциптері орта және жоғары сыныптарға әлі кең түрде енгізілмей отыр.

“Жақын даму аймағы” көрнекті кеңес психологы Л.Выготский (1896-1934) оқыту мен дамудың байланысын зерттеп, егер оқыту баланың өзекті даму аймағында жүрсе, онда ол баланы дамытпайды деді.

Өзекті даму аймағы - баланың өз бетімен істей алатын жұмыстары. Ал ересектермен ынтымақтаса істей алатыны - жақын даму аймағы. Мысалы, баланың сөйлей алуы - актуальды даму аймағы. Бұл жерде даму жүрмейді.

Сондықтан бала мектепке келген бірінші күннен бастап "жақын даму аймағында", дәлірек айтсақ, баланың жазба тілін қалыптастыруға кірісу керек. Ол үшін алдымен жеңіл тапсырмалар беріледі. Мысалы,Ш. Амонашвили және оның мұғалімдері әріптер мен сөздерді белгілеуге Д.Б.Эльконин жасаған шартты белгілерді қолданады. Тақтаға сөйлем және оның астына шартты белгісі жазылады.

"Жақын даму аймағында" жұмыс істейтін В.Ф.Шаталов әлі өтпеген ережемен оқушыларға есеп шығартады.

Е.Ильин оқушыларға мұғалімнің өзі біржақты жауап бере алмайтын сұрақтар қояды. Сонымен жақын даму аймағы баланың ақыл-ой жұмысы басталар тұсы. Мұғалім мұнда оқушыға тапсырма, әдістемелік нұсқау береді, ізденуге бағыттайды, ізденістің бағдарламасын береді. Мұғалімнің жақын даму аймағындағы жұмысының тиімділігінің көрсеткіші – әр оқушының мұғалімнің көмегін алуға әзір тұруы.Дамыта оқытуда мұғалім жақын даму аймағында жұмыс істеу керек. Ол оқушыға ақпараттар беруші, ынталандырушы, бейне туғызушы, баланың кемшіліктері мен табысына назар аударушы, себебі әр оқушының өзінің "жақын даму аймағы" бар, онда жалпы тәсілмен жұмыс істеуге болмайды. Л.В.Занков жүйесі.

Оның тұжырымдамаларының дидактикалық принциптері:

- оқытуды түсінуге қиын етіп жүргізу;
- теориялық білімнің жетекші рөлі. Теорияны құрғақ жаттамай, ондағы мәнді байланыстарды, заңдылықтарды ашу;
- оқушының ізденуі. Мұғалімнің өзінің түсіндіруі -дамудың қауіпті
жауы;
- оқу процесін оқушылардың сезуі.Материал қайткенде есімде жақсы қалады, жаңа не нерсе білдім, менің дүние туралы түсінігім қалай өзгерді, мен өзім қалай өзгердім деген сұрақтарға жауап береді; барлық оқушыларды дамыту үшін жүйелі түрде жұмыс істеу, қабілетке қарай бөлуге жол берілмейді. Бұл принциптер Б.Тұрғынбаеваның зерттеуінде толығырақ түсіндірілген. Л.В.Занков өз экспериментінде оқушылардың психологиясын зерттеу әдістерін кең қолданды.

Дамуда оқыту жетекші рөл атқаратының, ол балаға жанама түрде әсер
ететінін, баланың ішкі жан сарайының ерекшелігі оқытудың оған өтуіне жол беретінін, оқыту тиімділігінің көрсеткіші, мақсаты баланы жалпы дамыту екенін іс жүзінде дәлелдеді.

Занков жүйесінің басты міндеті - баланың жалпы психикасын дамыту еді. Оған ақыл, ой, ерік-жігер, сезім енді. Осыларды дамыту білім, іскерлік дағдыларды түсініп, есте сақтаудық сенімді негізі деп саналды.

Оның түсінігінде бала өзінің қызығатын нәрсесі, талап-тілегі бар, мектепке тек білім алу үшін ғана емес, бақытты өмір сүру үшін келетін жеке тұлға. Олай болса, мақсат - баланың барлық адамдық қасиеттерін дамыту. Ең маңыздысы, бала бойындағы жағымды сезімдерді жоғалтып алмау. Сондықтан дамыта оқытуды қолданған мұғалім оқушыдан бағдарламадан тыс оқыған кітабынан түсінгенін сұрайды. Себебі Л.В.Занков түсінігінде бала өзінің білетінін басқаларға жеткізіп үйренеді.

Л.В. Занков жүйесінде бастауыштағы білім мазмұны бай. Ғылым, әдебиет, өнер туындыларынан білім беріледі. Оқу жоспарында география, жаратылыстану бар. Орыс тілі, оқу кітабы, математика, еңбек, эстетикалық бағыттағы пәндерінің мазмұны толықтырылған. Оқушыларды дамытатын дұрыс жазуға дағдылану, санау, оқу, бейнелеу өнері, өнер шығармаларымен жұмыс, қолмен жұмыс істеуге үйрену. Л.В.Занков жүйесінде экскурсия кезінде алынатын білімнің үлес салмағы көп.

Бала сабақта өзінің өмірден көрген-білгендерін айтып, оны жолдастарымен бірге талқылап отырады. Қарама-қайшы білімдер ойды дамытады. Мұғалімнің жұмыс стилі сыныптағы нақты жағдайға байланысты өзгереді. Мұғалімнің сұрағы мен тапсырмалары біржақты жауаппен шектелмей, оқушыны өз көзқарасын айтуға, өз бағасын беруге итермелейді.

Занков жүйесінде оқытуды ұйымдастырудық жетекші нысаны - сабақ. Тек сабақтың дәстүрлі құрылымы өзгереді. Сабақ оқушылардың түсінігіне қиын болып келеді. Осыған сәйкес сабақ жаңа материалды оқудан басталуы мүмкін. Дәстүрлі оқытуда уақыттың көбінде мұғалім сөйлейді. Дамыта оқытуда мұғалім баланың өз ойын, өз бақылауларын, танымын айтуына жағдай жасайды. Сыныптағы "тәртіп" ұғымы өзгереді. Оқушылар жұмыс барысында шулайды, күледі, бір-бірімен әзілдеседі.

Дәстүрлі оқытуда баға басты рөл атқарады. Л.В. Занков сыныптарында балаларға баға қойылмайды. Баға жазба жұмыстарының қорытындылары бойынша шығарылады. Нәтижесінде балалар кім "озат", кім "үлгермеуші" екенін білмейді. Л.В.Занковтың дидактикалық жүйесінде шынайы жағымды эмоциялар көп, мұғалім мен оқушылар арасында татулық бар.

Баланы жалпы дамытатын жаңа мәселелерді талдау, жолдасының көзқарасымен келісу немесе оған күдіктене қарау, өз пікірі дұрыс болмаса бас тарту. Ақыл-ой іс-әрекетінің алуан түрін орындау кезінде бала қиындықты жеңіп, табысына қуанады, қанағаттанады. Баға қойылмауы сыныпта жақсы жағдай туғызады. Сонымен Л.В.Занков жүйесі бойынша оқыту баланың дамуын анағұрлым тездететінін көрсетті, балалар – сыншыл. Бастауыштан орта сыныптарға өткенде қиындық болады. Дамыта оқыту рефлексияға

қабілеттілік сияқты бағалы сапаны қалыптастырады. Рефлексия - өзінің психикалық жағдайы туралы ойлануы, өзінің толғаныстарын таңдай білуге бейімділік. Бала өзінің мінез-құлқын, жүрістұрысын реттеп отырады. Л.В.Занков оқушыларының ерекшелігі ақыл-ой жұмысына құштарлықтары. Бала өз бетімен білім алуға ұмтылады. Білімді өз бетімен алу көңілге жақсы сезім ұялатады. Өзін жақсы көру достық, өмірді сүю сияқты қасиеттердің негізі.

Қазіргі кезде Республиканың білім беру жүйесінің ең басты мәселесі – қазақ мектебі түлегінің білім сапасының деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу, дамыта оқыту. Ол үшін мектепке заман талабына сай мемлекеттік білім стандартын енгізу, соған сәйкес кәсіби шеберлігі дамыған кадрмен қамтамасыз ету, өркениетті ғылыми – әдістемелік бағытқа ынталандыру, жаңа базистік оқу жоспары мен жаңа буын оқулықтарына көшу, орта білімді ақпараттандыру, тағы сол сияқты білім беру саласында жүйелі жұмыстар атқару – еліміздегі ең маңызды әрі кезек күттірмейтін мәселесі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылға арналған Мемлекеттік бағдарламасы» Астана, 2010 ж.
2. А.А. Байтұрсынова «Арнайы педагогика: проблемалары мен даму болашағы» Алматы, 2008 ж.
3. Дефектологиялық сөздік

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ДОМБЫРА АСПАБЫН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ: БАСТАУЫШ ДЕҢГЕЙДЕН ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙГЕ ДЕЙІН



Дукенбаева Жазира Шопановна
Астана қаласы
№1 Балалар музыка мектебі
Домбыра сыныбы

Домбыра – қазақ халқының мәдениетінің айнасы, ұлттық өнеріміздің ажырамас бөлігі. Ол тек музыкалық аспап қана емес, ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан музыкалық дәстүрдің нышаны. Домбыра аспабын оқыту барысында оның тарихы мен маңызын жеткізу, сонымен қатар дұрыс техника мен музыкалық интерпретацияны үйрету басты міндет болып табылады. Бұл мақалада домбыра аспабын оқытудың әдістемелік негіздері мен бастауыш деңгейден жоғары деңгейге дейінгі әдістер қарастырылады.

Домбыра аспабын оқытудың басты мақсаты – оқушыларға аспаптың дыбыстық мүмкіндіктерін меңгертіп, музыкалық қабілеттерін дамыта отырып, оларды шығармашылыққа баулу. Бұл мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер қойылады:

Дыбыс сапасын қалыптастыру: Оқушылардың дыбысты таза және айқын шығаруы, домбыраның барлық мүмкіндіктерін дұрыс пайдалану дағдыларын дамыту.

Техника мен орындаушылық дағдыларын дамыту: Саусақ техникасы мен қол қозғалыстарын дұрыс үйрету, ойналған шығармалардың интерпретациясын меңгерту.

Музыкалық шығармашылықты дамыту: Оқушыларды импровизация жасауға баулу, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру.

Музыкалық теорияны меңгерту: Оқушыларға музыка теориясын, ритм мен гармонияны үйрету арқылы оларды музыкалық сауатты орындаушы етіп тәрбиелеу.

Домбыра аспабын үйретудің алғашқы кезеңінде оқушылар негізінен аспаптың құрылымы мен қарапайым дағдыларды меңгеруге бағытталады. Бұл кезеңде басты назарды техникалық негіздер мен дұрыс ойын мәнерін қалыптастыруға аудару қажет.

Аспаппен танысу: Оқушылар алдымен домбыраның құрылымымен танысады, оның бөлшектері мен дыбыс шығару әдістерін меңгереді. Осы кезеңде музыка тыңдатып, аспаптың шығаратын дыбысына қызығушылықтарын арттыру маңызды.

Саусақ техникасы: Саусақтардың дұрыс қозғалысын, дыбысты дәл шығару үшін қолды дұрыс орналастыруды үйрету қажет. Әрбір оқушыға домбыраны ұстаудың техникалық негіздері, яғни дұрыс саусақ позициялары мен қимылдарын көрсету керек.

Ноталарды үйрену: Бұл кезеңде оқушыларға ноталар мен қарапайым музыкалық белгілер таныстырылады. Олар музыкалық нота жазуын үйреніп, бір сызықты әуендерді орындауға жаттығады.

Жаттығулар: Қарапайым саусақ жаттығулары мен жеке ноталардан тұратын музыка фрагменттері ұсынылады. Оқушылардың қол қозғалыстары мен саусақтардың жылдамдығын дамыту мақсатында әртүрлі техникалық жаттығулар орындайды.

Орта деңгейде оқушылар аспапты толық меңгере бастайды, олардың техникалық және музыкалық қабілеттері кеңейіп, шығармаларға тереңірек үңілу мүмкіндігі пайда болады.

Әуендер мен шығармалар: Оқушыларға көбірек күрделі шығармалар мен әуендер ұсынылады. Осы деңгейде қарапайым халық әндері мен күйлерін орындау арқылы олардың орындаушылық қабілеттері шыңдалады.

Ритм мен динамиканы дамыту: Музыкада ритм мен динамика өте маңызды. Орта деңгейде ритмді дұрыс түсіну мен динамиканы басқару – орындаушының шеберлігін арттырады. Әртүрлі ырғақтар мен екпіндерде жаттығулар орындалады.

Музыкалық импровизация: Оқушыларға шығарманы өз қалпында орындаумен қатар, оны импровизациялау тәсілдері де ұсынылады. Домбыраның мүмкіндіктерін толық ашу үшін жеке шығармашылық элементтерді енгізу маңызды.

Шығармашылық көзқарас: Домбыра аспабымен орындау барысында оқушылар өздерінің жеке стильдерін қалыптастыруға ынталандырылады. Бұл кезеңде олар тек орындаушы ғана емес, композиторлық шығармашылыққа да бет бұра бастайды.

Жоғары деңгейде оқушылар домбыра аспабын кәсіби орындаушы ретінде меңгере бастайды. Бұл кезеңде олар күрделі шығармаларды орындауға дайын болады және жоғары деңгейдегі музыкалық қабілеттерін көрсетеді.

Күрделі шығармаларды орындау: Жоғары деңгейдегі оқушылар классикалық және заманауи шығармаларды, сондай-ақ күйлер мен халық әндерін терең меңгеріп, жоғары шеберлікпен орындай алады. Осы кезеңде аспаптың техникалық мүмкіндіктері толық ашылады.

Концерттік орындаушылық: Оқушылар жеке концерттік бағдарлама жасауды үйренеді. Бұл кезеңде оқушыларға көпшілік алдында өнер көрсету дағдылары қалыптасады. Оларды сахнада өзін-өзі ұстай білуге, көрермендермен байланыс орнатуға үйрету маңызды.

Өнердегі жеке стиль: Әрбір жоғары деңгейлі орындаушының жеке өнері мен стилі болады. Оқушылар өздерінің орындаушылық қасиеттерін дамыту арқылы классикалық өнер мен заманауи бағыттарды біріктіре алады.

Шығармашылық жұмыстар: Оқушылар шығармашылық тұрғыда домбыраға арналған жаңа шығармалар жазуды немесе композицияларды жасауға ынталандырылады. Олар өздерінің домбыра аспабымен орындаған композицияларын зерттеп, тәжірибе алмасады.

Домбыра сыныбында сабақтың тиімді ұйымдастырылуы оқушылардың жетістіктеріне тікелей әсер етеді. Сабақтың құрылымы мен мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктеріне және деңгейіне сәйкес болуы тиіс.

Жеке және топтық сабақтар: Жеке сабақтарда оқушыларға тереңірек көңіл бөлінеді, ал топтық сабақтарда әртүрлі орындаушылардың тәжірибесі мен шығармашылық стилі талқыланады. Топтық жұмыстар оқушылардың өзара тәжірибе алмасуына мүмкіндік береді.

Практикалық сабақтар: Сабақ барысында оқушылар көбінесе шығармаларды орындауға, жаттығулар жасауға және шығармашылық тапсырмалар орындауға бағытталады.

Үздіксіз бақылау: Оқушылардың прогресін тұрақты бақылау, олардың орындау техникасын жетілдіру және музыкалық білімін дамыту маңызды.

WWҚорытынды

Домбыра аспабын оқытудың әдістемелік негіздері оқушыларды музыкалық орындаушылыққа, шығармашылыққа және өнерге баулуда маңызды рөл атқарады. Бастауыш деңгейден жоғары деңгейге дейінгі әдістер оқушылардың аспапты меңгеру деңгейіне сәйкес құрылып, олардың техникалық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталуы тиіс. Домбырамен оқу процесі оқушылардың ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілігін арттырып, олардың музыкалық әлемін кеңейтеді.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Еламанова Г.У
Сазды орта мектебінің
ағылшын пән мұғалімі
педагог - сарапшы

Қоғамның бүгінгі басты бағыттарының бірі – білім беру үрдісін ақпараттандыру. Білім беру үрдісін ақпараттандыру – қоғамды ақпараттандырудың негізгі шарты. Өйткені, жаңа ақпараттандырылған қоғам жағдайында өмір сүріп жұмыс жасай алатын болашақ ұрпақтың даярлығы жүзеге асады. Сонымен қатар білім беру саласындағы өзекті мәселе – білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді, жаңа әдістерін іздестіру болып отыр.

Мұғалімдердің біліктілігі олардың педогогикалық қарым- қатынаста жағдаят жасауда көрінеді, онда ұстаздар да, оқушыларда да таңдау және бақылау мүмкіншілігіне ие болады.Инновация— дегеніміз тек қана жаңалық енгізу емес, сонымен қатар жаңаны дәстүрлі оқу- тәрбие үрдісінде қолдана білу.

Білім беру үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану мәселесі өзекті мәселелердің қатарынан орын алуда. Шетел тілін оқытудың мақсаты субьектінің мәдениетаралық қарым-қатынас біліктілігін қалыптастыру десек, онда сол шетел тілін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану шетел тілін оқытудың мақсатынан туындап отырған қажеттілік болмақ.

Білім беру үрдісін ақпараттандыруда төмендегідей әдістемелік, педагогикалық міндеттерді шешуге болады:

білім беруде көлемді ақпаратқа қол жеткізе алу; білім алуға мотивацияның жоғарылауы; өз бетінше жұмыс істеу; өзін-өзі бақылау және т. б.

жеке тұлғаны жетілдіру (тұлғаның ой-өрісі, эстетикалық тәрбие, зерттеу жұмысымен шұғылдану іскерлігін дамыту, ақпараттық мәдениетін қалыптастыру және т. б.

әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру (компьютерлік біліктілікті қалыптастыру, белгілі бір мамандыққа бейімдеу т. б.)

оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру (білім берудің сапасы мен тиімділігін арттыру, танымдық әрекеттің мотивін қамтамасыз ету, пәнаралық байланыстарды тереңдету және т. б.

Сөз арқауы компьютерлік технологияны пайдалана отырып, шетел тілі сабағында интернет жүйесін қолдану мәселесі болмақ. Жаһанданған интернет жүйесін қолдану негізінде, тіл үйренушілердің сөз әрекетінің төрт түрінде де біліктілігін қалыптастыруға болады, жүйе материалдарын қолдану арқылы олардың оқу, жазу іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыруға, сөздік қорын байытуға мүмкіндік туады. Интернет жүйесін пайдалана отырып, тілін үйренуші елдің өкілдерімен байланысқа түсе алады.

Оқушылардың шетел тілін үйренуге деген ынтасын арттыру олардың төмендегі шараларға қатысуы негізінде жасалынады: диспуттар, байқаулар, олимпиадалар және т. б.

Интернет жүйесінің келесі ақпараттық қоры мен ресурстарын шетел тілі сабағында пайдалану бірден-бір тиімді болмақ:

электрондық пошта(e-mail), телеконфереция, видеоконференция;

жеке ақпараттарды жарыққа шығару мүмкіндігі немесе басқаша айтқанда Web

серверге жеке шығару;

ақпараттық каталогтар (Yahoo, InfoSeek/ UltraSmart, Galaxy) іздеу жүйесі (Altta, Vista, HotBob, Open Text), жүйе ішіндегі әңгіме(Chat).

Шетел тілі сабағында компьютермен жұмыс жасай отырып,оқушылардың психологиялық тұрғыдан да жеңілдіктерге ие болады. Атап айтқанда,оқушылардың жасаған әрбір жұмысына берілетін бағаның, олардың жасаған қатесін қайталаулар негізінде көрсете отырып, яғни жұмыс нәтижесін мақұлдап немесе белгілі бір дәрежеде қоштамай, өз пікірін білдіріп отыратын мұғалімнің тікелей қатыспауы, оқушыларға өз бетінше жұмыс жасап, өзіне сенімділік болуын қамтамасыз етеді. Бұдан мұғалімнің шетел тілі сабағындағы орнын жоққа шығару деген түсінік туындамауы керек.

Керісінше, пән мұғалімі тіл үйренушілердің жеке тұлға ретінде өз тапсырмаларын орындап, жұмыс қортындысын белгілейтін әлеуметтік-психологиялық жағдай туындата алатын, олардың жұмысына бағыт-бағдар беретін бірден-бір субъект. Қазіргі уақытта шетел тілін оқытудың коммуникативтігі, интерактивтілігі, аутенттігі тілді үйрену үрдісінің мәдени контексте болуы үстемдікке ие болуда. Аталған ұстанымдар коммуникативтілік қабілетінің компоненті ретінде мәдениетаралық біліктілікті дамытудың алғышартын жасайды. Шетел тілін дәстүрлі оқытуда тіл үйренушілер тілдік жаттығуларды жасап, қажетті материалды жаттаумен ғана шектеледі.

Яғни, ол төмендегідей көріністе ие болады:

«сөздік қор + қажетті құрылым = тіл».

Алайда, тілдік құрылымды жаттаумен шектелу,

тілді қарым- қатынас құралы ретінде меңгеруге толық мүмкіндік бермейді. Шетел тілінде тілдік қарым – қатынасқа үйрету үшін шынайы, өмірлік жағдаяттар туындату қажет. Ол оқушылардың қажетті материалды меңгеруіне және соған сәйкес мінез – құлқын қалыптастыруға жағдай жасайды. Аталған мәселені шешуде Интернет жүйесі айтарлықтай маңызға ие. Біз дәстүрлі шетел тілі сабағына сипаттама жасайық. Көп жағдайда шетел тілін оқыту үрдісінде мұғалім оқушы ойын басқарады, яғни, бағыт беру немесе жетекшілік етуден гөрі, ол басшылық қызметіне ауысады. Бұл әрекет, психологтар көрсеткендей, оқушылардың ойлау процесін тежейді. Мысалы, дөңгелек үстел, пікірталас мәселесін мұғалім өзі дайындап, жоспарды беріп, оқушыдан сөйлеу барысында тек соған сүйенуін талап етеді. Яғни, өз ойын айтуда тұлғаға еркіндік берілмейді.

Сабақтардың бітуімен оқушылырдың келешекке қанағаттануының қорытынды нәтижесі.

Білім беру технологиясының үш түрлі типі бар. Олар дәстүрлік, инновациялық және Ақпараттық.

Бастысы — технологияның жиынтығы емес, оның дәрежесі.

Оқушылардың әртүрлі ақпарат көздерін, ресурстарын пайдалану арқылы компьютерлік технологияның көмегімен өздерінің дербес ізденуі арқылы тілді игеруге кәсіби шеберлігін шыңдайды. Жаңа ақпараттық технологияға әртүрлі ақпараттарды электрондық әдіспен енгізу, сақтау және беру болып табылады. Оларды оқу процесінде пайдалану ерекшелігіне сай мына төмендегідей топтастыруға болады:

Компьютерлік оқу бағдарламалары (электрондық оқулықтар, тренажерлар, тьюторлар, лабораториялық жаттығулар, тест жүйесі). Мультимедиялық технологияға сай оқу жүйесі компьютер, видеотехника, оптикалық дискінің жиындысын пайдалану арқылы жүргізіледі. Интеллектуалдық және эксперттік жүйе. Ақпарат жиынтығы базасының қалыптасуы. Электрондық пошта, телеконференция , шоғырлы не аймақтық байланыс жүйесін біріктіретін телекоммуникациялық қондырғылар. Электронды кітапханалар. Бұл технологиялар білім саласында оларды пайдаланудан гөрі тезірек дамиды. Жоғары оқу орындарында көбіне – көп электрондық почталар жиі пайдаланылады. Қазіргі кезде аудиоақпарат алмасу, видеоақпарат алмасу, виртуалды аудиторлық тақта,тақырыптық ақпарат енгізілген клавиатуралар, файлды алмасу, көпжақты конференциялар өткізу кеңнен таралған көпке белгілі компьютерлік видеоконференц байланыстың әдістемесіне жатқызылады. Бұл технологиялар ағылшын тілін біршама меңгерген оқушылардың еншісі болып табылады. Өйткені бұл материалдар тек ағылшын тілінде ғана беріледі. Компьютер жүйесі оқу процесін жетілдіру құралы болып табылады

Жаңа педагогикалық технология оқушыларды шет тілін меңгеруге жеке бағыттап, даярлық кезінде оларды қарым – қабілетін ескеруге мүмкінді береді.

Технологияның методикаға қарағанда айырмашылығы мынада: оқуды жобалау тәжірибені қортындылау негізінде емес, оқуды ғылыми тұрғыдан негіздеуге бағытталған.

Оқуда жаңа ақпараттық технологияны пайдалану негізгі педагогикалық технологияның негізгі принциптерін қанағаттандырады. Шет тілін кәсіби бағдар ретінде оқып үйренуде жаңа педагогикалық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалану бүгінгі күнгі білім жетілдірудің инновациялық түрі болып табылады.

Педагогикалық технология деп оқудың сапасын жақсарту және жобалық қортындыға жету мақсатында мұғаліммен мен оқушылар біріккен технологиялық іс-қимылын айтады.

Қорыта айтқанда, инновациялық технологияларды сабақта қолдану — бұл оның нәтижелігіне қолайлы жағдайды жасаудың бірден- бір жолы, ал ол өз кезегінде бірлесе жұмыс жасауға, адами қарым- қатынастарға себепкер болады. Оқытуға жаңашыл көзқарасты қолдану, тәжірибеге бағытталған оқытудың үлкен жетістігі болып табылады, сондай-ақ оның сапасы алынған білімнің нақты жағдайда мақсатқа жетумен қатар өмірдің сапасын көтеруде үлкен сұранысты қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

БАСТАУЫШ КЛАСС ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ

Елеукенова Ұлтуған Ырғызбайқызы
Қаратоғай ЖББОМ
Бастауыш сынып мұғалімі
Ақтөбе облысы
Шалқар ауданы

Қазіргі уақытта негізгі талаптарының бірі білімді әлемнен бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, шығармашылық танымменен тікелей қатынас жасайтын жаңаша тәуелсіз ойлай алатын шығармашылық адамға айналдыру.Мектептегі оқыту үрдісінің мақсаттары баланың білім игеру негізіндегі ойлау қабілетін қалыптастыру, сол арқылы таным әрекетін белсендіріп, шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеп дамыту болып табылады.Қоғамның дарынды адамдарға деген қажеттерін қанағаттандыру талабы оқыту,білім беру жүйесінің алдына баланың жеке қабілетін мен әлеуметтік белсенділігін дамуына жол ашу,шығармашылық тұлға қалыптастыру міндеттерін қойып отыр. Шығармашылық тұлға негізгі бастауыш сыныпта қаланатыны анық. Осы жастағы балалар бойында шығармашылық қабілеттің бастаулары жатыр.Тек өмір тәжірибесінің дара-дүние таным,дара-эстетикалық көзқарасының жетімсіздігінен олардың бойларындағы шығармашылық қабілетті ашып көрсете алмайды. «Бұлақ көрсең көзін аш» дегендей,жалпы шығармашылық туынды өмірге келгенге дейін ұстаз шәкіртілігін өнерге тұтар ақылшысы пікірлес досы,бапкері болуы тиіс.Оқушы шығармашылығы үнемі ұстаз,сынып ұжымы ата-аналар тарапынан қолдау тауып отыру керек. Бастауыш мектеп оқушысының жеке тұлғасын қалыптастыру оның рухани әлемін байыту,сабаққа ынта- жігерін арттыру,жеке дарындылығын дамыту бүгінгі таңдағы негізгі мәселердің бірі. Өйткені қазіргі кезеңдегі қоғамның жеке дамуы ғылым мен техниканың дамуымен болса,ол болашақта ғылым мен техниканы өндірісті дамытатын бүгінгі мектеп оқушылары.Сондықтан мектеп оқушылары үлкен жауапкершілік пен білім–дарлықты қажет етеді. Мұғалімнің әрбір өтілетін сабағы казіргі кезеңдегі оқыту талаптарына сай болуы әр талаптарымен бірге мұғалімнің күнделекті сабағы ғылыми түрде негізделіп,оның тәлім тәрбилік мәні жан-жақты ашылуы тиіс.Осы талаптардың орында атқарылуында ғана оқушыда шығармашылық қабілет дами түсіп оқушының оқуға, білімге деген құштарлығы дамып отырады. Мұғалім өзін сабағын шығармашылықпен ұйымдастырып өтілетін сабақтары оқушыларды шығармашылыққа ұмтылуын тудыратындай сұрақтар қамтылып отыруы тиіс. Мұғалім өтілетін сабақтан тақырыбына сәйкес алдын-ала жоспарлаған сұрақтар мен оқушы ынтасын, зейінін ой-қиялын дамытуға септігін тигізетіндей болуы керек.Бастауыш білім-үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы қиында жауапты жұмыс.Бастауыш мектеп балаға білім беріп қана қоймай.Оны жалпы дамыту яғни сөйлеу,коршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру,ойын дұрыс айтуға, салыстырып, дәлелдей,білуге сөйлеу мәдениетін үйретеді.Дамыта оқытудың мақсаты-баланы оқыта отырып, оны шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту. ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДЕГЕНІМІЗ-адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі.Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп,өздігінен сапалы,дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйрену керектігінде. Баланың жастайынан шығармашылық өнеріне қалай баулу керек?Оның жолдары,әдіс-тәсілдері, мазмұны қандай? Шығармашылық қабілетті тәрбиелеудің шарттарына мына мәселелерді жатқызуға болады.



Тәжірибе жинақтау, Топтау, бақылау
Қызығушылық, белсенділігін
зерттелген мәселенің арттыру
өсу динамикасын бақылау
Шығармашылық қабілет деңгейін анықтау

1. Қызығушылық және шығармашылық пен белсенділігін арттыру.
2. Шығармашылық қабілетті тәрбилеу барысында кездесетін қарама-қайшылықтарды есепке алып зерттеу.
3. Оқушы мүмкіншілігіне (потинциалына)сай шығармашылық тапсырмаларды әдістемелік тұрғыда жүйелі түрде орындау.
4. Оқушының шығармашылық қабілетін тәрбиелеуді кезең бойынша сатылап дамыту.
5. Шығармашылық қабілеттілікке тәрбиелеу үрдісін тәжірбие негізінде жинақтау,зерттеліп отырған мәселенің өсу динамикасын бақылау.
6. Мұғалім өз ісіне ізденімпаздықпен қарап сабақты шығармашылықпен өткізу.

Осы мәселелер өз шешімін тапса жан-жақты дамыған, шығармашыл жеке тұлғаны тәрбиелеу ісі өз мақсатына жетеді.

Оқушының білім алуға қызығушылығын дамыту үшін негізгі жағдайлар болғаны дұрыс. Олар оқушының өзбетімен ізденуге,жаңа білім,''ашуға'' проблемалық тапсырмалар шешуге тартылуы, оқу еңбегі басқа да еңбек түрлері сияқты әрсаналы болуы керек.Бірізділік,біртекті ақпарап жалықтырады,жаңа материалдың жас ерекшелігіне сай және оны игеру мүмкіншілігіне болуы.

Н.И Болдырев, М.А Даниалов еңбектерінде танымдық тапсырмалар маңызын оқушыларда бар білімдерін шоғырландырып, талдау жасау арқылы өз беттерімен ізденуге талпындыратын болуы керек деп тұжырымдайды.Ол үшін қойылған міндеттерді шешу жолдары дайын күйде берілмей, оқушылар арқылы іздеп табылуы керектігі анықталған.

Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып,оларды белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыра түсу үшін шығармашылық қабілетерін дамытуда әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады.


Олар мыналар;

- Тақырыпты мазмұны қарай жинақтау.
- Арнаулы бір тақырыпта пікірталас тудыру.
- Логикалық ойлауын дамытатын ойындарымен берілген тапсырмалар шешу.
- Берілген тапсырманы түрлендіру бағытындағы жұмыс (кері есептер құрастыру,мәтін мазмұнын өңдеу,шығарма,шағын мәтін,әңгіме құру)

- Әңгіменің ұқсастығын салыстыру,бөліктерге бөлу,ат қою.
- Қиялдау арқылы сурет салғызу.
- Ұнатқан кейіпкеріне мінездеме беру.
- Ой шапшаңдығын, сөз байлығын дамытуда өлең шумақтарын құрастыру.
- Мәтін, әңгіме, ертегіне өз бетінше аяқтау.

Ұстаз еңбегі-оқушының білімімен өлшенеді десек,ұстаз еңбегінің күрделігі әрбір оқушы жүрегіне жол таба білуінде.Әр баланың бойындағы қабілетті дамыту арқылы өзін,өмірді, әлемді танып білу қоғам алдындағы жауапкершілік қасиеттерін сезіндіре білуде.

Баланың педагогикалық психологиялық әлеуметтік жағдайына байланысты назар аудару керек. Балаға әсер ететін орта ата-ана, мұғалім, мектеп жолдастары,жұртшылық. Баланы анықтай білу үшін үлкен шеберлікті қажет етеді.Баланың жанын түсініп баланың табиғатын толық анықтау үлкен өнер.Обьектіні айқын білу үшін байқау,әңгімелесу, жоспарланған сұрақтар,тест тапсырмаларын беру арқылы оқушының сөзді есте сақтауы, өз пікіріндегі дәлдікті, сөйлемге мән беріп толық жеткізуге байқау қажеттілігінде. Баланың жеке ерекшеліктерін анықтап алған соң,оларды дамыту жұмыстары басталады. Ізденімпаздылықтан шығатын қабілеттілік түрін дарындылық қабілеттілік деуге де болады. Мұндай балаларда зеректік, байқағыштық



қасиеттері жоғары болады.

Негізгі белгілері:
- ой өрістің жоғарлылығы
- шығармашылық және тиімді ойлау, өз – ойын,пікірін айту
- қатынас пен белсенділік

Атап айтқанда оқушылармен жұмыс жасағанда:
- еркін ойлауға мүмкіндік береді
- ақыл- ойын дамытады
- шығармашылық белсенділігін арттырады
- ұжымдық іскерлікке тәрбиелейді
- тіл байлығын жетілдіреді
- жан- жақты ізденушілігін арттырады

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
UZDIK KALAM

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫНЫҢ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ

Елеусінова Толғанай Нұрланқызы
Ш.Құдайбердіұлы №66 ЖББОМ
Бастауыш сынып мұғалімі

Кіріспе

Бастауыш сынып – білім негізіі қаланатын маңызды кезең. Бұл кезеңде оқушылардың қызығушылығын арттыру, олардың қабілетін дамыту үшін заманауи педагогикалық технологияларды тиімді қолдану ерекше рөл атқарады. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай әдіс-тәсілдерді пайдалану – олардың білімге деген қызығушылығын оятып, қабілеттерін жан-жақты дамытуға көмектеседі.

Негізгі бөлім

1. Жаңа әдіс-тәсілдерді қолданудың маңызы

- Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру.
- Танымдық белсенділікті дамыту.
- Сын тұрғысынан ойлау қабілетін жетілдіру.
- Жеке, топтық және жұптық жұмыстар арқылы қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

2. Жаңа әдіс-тәсілдер түрлері

- Сын тұрғысынан ойлау технологиясы

Бұл - технология арқылы оқушылардың өз бетінше ойлануына, мәселелерді шешу жолдарын іздеуіне мүмкіндік беріледі. Мысалы:

- «Түртіп алу» стратегиясы – мәтінді оқу барысында негізгі ақпаратты таңдау;
- «Венн диаграммасы» – салыстыру және ортақ қасиеттерді анықтау;
- «Бес жолды өлең» – тақырыпты терең түсіну.
- Ойын технологиясы.

Ойындар оқушылардың қызығушылығын аарттырып, сабақтың мазмұнын оңай меңгеруге көмектеседі. Мысалы:

- Рөлдік ойындар;
- «Сөз жұмбақ», «Қазына іздеу» сияқты интерактивті ойындар.
- STEM технологиясы

STEM әлісі арқылы ғылым, технология, инженерия және математика салалары интеграцияланып, оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен ллогикалық ойлауы дамиды.

- Жобалық оқыту әдісі.

Жоба барысында оқушылар өз идеияларын жүзеге асырады, зерттеу жұмыстарын жүргізеді және нәтижелерді пайдалану.

- Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ)

АКТ қолдану арқылы оқушыларды заманауи құралдармен жұмыс істеп, IT дағдыларын дамытады.

3. Әдіс-тәсілдерді қолдану тиімділігі.

- Сабақтың мазмұнын терең меңгерту;
- Оқушының белсенділігін арттыру;
- Өздігінен білім алуға қызығушылықты ояту;
- Коммуникациялық және щығармашылық қабілеттерін дамыту.

Қорытынды:

Жаңа әдіс-тәсілдер бастауыш сынып оқушыларының жеке ерекшеліктерін ескере отырып ,олардың қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Мұғалімнің басты міндеті -әр оқушының бойындағы әлеуетті ашып ,өз бетінше білім алуға деген қызығушылығын арттыру.Заманауи әдістерді тиімді қолдану арқылы ғана шығармашыл,жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруға болады.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ЗАМАНАУИ ҚОҒАМДАҒЫ ЖАСӨСПІРІМДЕРДЕГІ МАЗАСЫЗДЫҚ ЖӘНЕ ОНЫ ЖЕҢУ ЖОЛДАРЫ

Әбілхаева Гүлдана Нәдірғалиқызы
Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданы, Аққайың ЖОББМ психологі

Жасөспірімдік шақ – балалық шақтан ересектікке өтетін, үнемі қиын, дағдарыстық, қақтығыстық деп сипатталатын адам онтогенезінің күрделі кезеңі. Жасөспірімдік кезең адамның өмірінің ең маңызды кезеңі болып саналады, себебі тұлғаның дамуы мен дұрыс қалыптасуына әсер етеді. Жасөспірімдік шақ адамның балалық шақ пен ересектік кезең арасындағы «өтпелі көпір» секілді рөлді атқарады. Қазіргі заманғы қоғамда жасөспірімдер көптеген әлеуметтік, психологиялық және эмоционалдық қиындықтарға тап болуда. Олардың арасында мазасыздық мәселесі ерекше орын алады. Жасөспірімдердегі мазасыздық олардың тұлғалық дамуына, оқу үлгеріміне және жалпы өмір сапасына кері әсерін тигізеді.

Жасөспірімдік кезеңді 11-13 жаста балада болатын жыныстық жетілу мен пубертаттық кезеңнің басталуымен, яғни жасөспірімнің ең ерте шекарасымен байланыстырады. Жасөспірімдік шақтың жоғарғы шекарасы айқын емес, орташа есеппен 16-18 жас аралығын қамтиды. Бұл жастық көрсеткіштер шартты емес, әр адам үшін жеке болып келеді. Жасөспірімдердің психикасы жас балалардың да, ересектердің де психикасынан өзгеше.

Мазасыздықтың негізгі себептері: қоғамдық қысым мен жоғары талаптар, академиялық жетістіктерге жоғары талаптар, әлеуметтік желілерде идеалдандырылған бейнелерге ұмтылу. Отбасындағы мәселелер, яғни ата-аналардың жоғары күтілімдері немесе қолдаудың жеткіліксіздігі,отбасылық жанжалдар немесе ажырасу. Сонымен қатар жасөспірімдер арасындағы қарым-қатынасынан туындайтын буллинг немесе әлеуметтік оқшаулану, топқа қабылданбау қорқынышы. Өтпелі кезеңдегі физиологиялық және психологиялық өзгерістер, өзін-өзі тану мен болашаққа деген алаңдаушылық.

Осы себептер негізінде жасөспірімдер мазасыздық күй кешеді.

Мазасыздық күй негізінде ұйқының бұзылуы, үнемі шаршау немесе энергияның жетіспеуі, қорқыныш сезімінің жиі пайда болуы, сабаққа немесе күнделікті істерге қызығушылықтың төмендеуі, өзін-өзі төмен бағалау, оқшаулану белгілері пайда болады.

Жасөспірімдер арасындағы мазасыздықты келесідей жеңу жолдарын қарастыруға болады:

1. Психологиялық қолдау

Жасөспіріммен жеке әңгімелесу арқылы оның уайымдарының себебін анықтау,эмоцияларды басқаруға арналған тренингтер өткізу.

2. Релаксация әдістері

Медитация, тыныс алу жаттығулары және дене жаттығулары, музыка немесе арт-терапия арқылы демалу.

3. Әлеуметтік қолдау

Жасөспірімді құрдастары мен отбасы мүшелері тарапынан қолдау көрсету, қоғамдық іс-шараларға тарту арқылы оның өзіне деген сенімділігін арттыру.

4. Уақытты тиімді басқару

Оқу мен демалуға арналған теңгерімді кесте құру, мазасыздықты туғызатын факторларды азайту үшін уақытты жоспарлау.

5. Мамандардың көмегі

Психологтың кеңесі немесе психотерапевтік қолдау, қажет болған жағдайда, дәрігердің бақылауымен медициналық көмек көрсету.

Ата-аналар жасөспірімнің эмоционалдық жағдайына ерекше назар аударуы қажет. Баланың сезімдерін тыңдап, оны түсінуге тырысуы керек, артық қысым көрсетпей, қолдау көрсетуі, жасөспірімге оның жетістіктерін мойындап, мадақтауды ұмытпауы маңызды.

Заманауи қоғамда жасөспірімдердегі мазасыздық – өзекті және маңызды мәселе. Бұл мәселені шешу үшін мектеп, отбасы және мамандардың үйлесімді жұмысы қажет. Психологиялық қолдау көрсету, эмоционалдық тұрақтылықты қалыптастыру және жасөспірімдерге сенімді орта жасау – олардың болашақта үйлесімді дамуына кепіл болады.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

THE IMPORTANCE OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN ENGLISH TEACHING

Жаксыгалиева Рзабике Бахытжановна
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

English is a widely used language in the world today in international relations, education, science, and economics. Learning English is becoming increasingly important in different countries around the world. Therefore, innovative methods and tools are being introduced to make the English language learning process more effective. Artificial intelligence (AI) is one of those tools. This technology has a huge impact on the education sector, as it innovates teaching methods and effectively responds to the needs of learners. English is currently one of the most widely used international languages around the world. There are several reasons why it is important, and learning English plays an important role in many areas. Here are some key aspects that demonstrate the importance of learning English:

International communication

English is one of the most widely spoken languages in the world. English is used as an official working language in international organizations such as the United Nations, the International Red Cross, and the European Union. Many international conferences and summits are also held in English. Therefore, knowing English allows a person to effectively communicate with people around the world. Importance in education and science. English is the main language of the international scientific community. Many scientific articles and studies are published in English. For this reason, knowledge of English gives students access to world scientific news and research. Most of the best universities and educational institutions in the world teach in English, so mastering English helps to be competitive in the global education market. Work and professional opportunities. English is in high demand in the global labor market. Many international companies conduct their activities in English. Therefore, mastering English gives a person the opportunity to find a job, increase career opportunities, and work abroad. There is a special demand for specialists who know English, especially in the fields of international relations, tourism, information technology, business, medicine, and science. Culture and access to information. English is the most widely used media language in the world. Hollywood films, world music, literature, and television programs are often shot in English. This allows you to gain a deeper understanding of world culture and access it by learning English. In addition, most of the Internet is in English, which makes it easy to access information on the Internet. Information technology and innovation. In today's world, mastering information technology and digital resources is very important. Many software products and online platforms in this area are available in English. In addition, mastering English allows you to get useful information from online educational platforms and global Internet resources. Political and economic relations

English also plays a major role in international politics. Many countries in the world use English in their diplomatic and economic relations. English also plays a special role in global financial markets, trade, and international negotiations. Advantages of artificial intelligence in teaching English. Personalized learning Artificial intelligence allows you to create a learning program according to the individual needs of students. AI programs are able to adapt learning materials to the knowledge, skills, and interests of each student. This allows students to work at their own level, and the learning process is fast and efficient. Error correction in language learning.Language learning apps and programs that use artificial intelligence can quickly identify and correct students' errors. For example, they can increase the confidence of language learners by automatically correcting grammatical errors, suggesting the right word choice, and teaching correct pronunciation. This helps students overcome their fears and make steady progress. Feedback and assessment. Artificial intelligence can provide students with real-time feedback. This allows students to learn quickly and effectively. Getting quick information about their strengths and weaknesses allows them to adjust their learning strategies. For example, through automatic testing, grading written work, and analyzing the results of exercises, you can get accurate information about your level of knowledge. Platforms and Tools

Currently, various applications and online platforms for learning English use AI technology. For example, applications such as Duolingo, Grammarly, Babbel provide effective learning by providing students with practical tasks, improving language skills and correcting errors. They optimize the language learning process according to the individual goals of students. Opportunities and challenges of artificial intelligence

Although artificial intelligence has great opportunities in teaching English, it also poses a number of challenges. These include the inability to correctly understand the nuances and cultural characteristics of the language, the possibility of technical failures and system malfunctions, as well as the lack of consideration for the human factor. In addition, AI can only assess a certain level of knowledge of students, but it can be difficult to respond to their individual and emotional needs.

Conclusion

The importance of artificial intelligence in teaching English is undoubtedly increasing in the modern education system. It provides special support for students in developing language skills and makes the learning process more convenient and effective. However, it is important to consider the limitations of this technology when using it. Collaborative work between educators and students can increase the effectiveness of AI tools and improve the quality of the overall educational process.

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЗАМАНАУИ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

Жоламанов Диас Сырымбетович
КЕАҚ «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті»
"Педагогика және психология" білім беру бағдарламасының магистранты

Аннотация. В статье рассматриваются в краткой форме современные стратегии сотрудничества в практической деятельности образования, которые используются в начальной школе на уроках физической культуры, такие как кооперативное обучение, «ученик - ученику» и другие. Применение данных стратегий на уроках физической культуры способствует комплексному развитию школьников, улучшая не только их физическое состояние, но и социальные навыки.
Ключевые слова: коллективное обучение, стратегии сотрудничества, образовательная практика, командное взаимодействие.

Annotation. The article briefly discusses modern strategies of cooperation in the practical activities of education, which are used in primary school physical education classes, such as cooperative learning, student-to-student, and others. The use of these strategies in physical education lessons contributes to the comprehensive development of schoolchildren, improving not only their physical condition, but also their social skills.
Keywords: collective learning, cooperation strategies, educational practice, team interaction.

Дене шынықтыру сабақтарында қолданылатын білім беру практикасындағы ынтымақтастықтың заманауи стратегиялары оқушылардың ұжымдық жұмыс, өзара көмек және өзара іс-қимыл дағдыларын дамытуға бағытталған, бұл олардың оқу процесіне тереңірек қатысуына және физикалық және әлеуметтік дағдыларды дамытуға ықпал етеді.

Мұндай стратегиялардың кейбірі мыналарды қамтиды:

Кооперативті оқыту. Бұл тәсіл әр қатысушы жалпы нәтижеге үлес қосатын шағын топтардағы тапсырмаларды бірлесіп орындауды қамтиды. Дене шынықтыру сабақтары аясында кооперативті оқыту эстафеталар, спорттық ойындар немесе физикалық қасиеттерді, командалық рухты және ынтымақтастықты дамытуға бағытталған ұжымдық жобалар сияқты командалық тапсырмаларды орындау үшін пайдаланылуы мүмкін.

"Оқушы-оқушы" стратегиясы. Бұл стратегия аясында студенттер бір-біріне жаңа жаттығулар мен дағдыларды үйренуге көмектеседі. Тәжірибелі немесе дайындалған балалар сыныптастарына тәлімгер бола алады, бұл білімді нығайтуға ғана емес, сонымен қатар барлық қатысушылардың коммуникативті және көшбасшылық қасиеттерін дамытуға ықпал етеді.

Рөлдерді айналдыру. Бұл әдіс студенттердің топ ішіндегі рөлдерін мезгіл-мезгіл өзгертіп отыруын ұсынады, бұл әр балаға әртүрлі функциялар мен перспективаларды сезінуге мүмкіндік береді. Мысалы, спорттық ойындар кезінде студенттер жаттықтырушы, команда капитаны немесе төреші рөлдерін кезекпен орындай алады. Бұл жауапкершілік сезімін дамытады және әртүрлі контексте ынтымақтастыққа үйретеді.

Жобалық қызмет. Жобалық әдістерді қолдану студенттерге спорттық жобаларды құру үшін топта жұмыс істеуге мүмкіндік береді (мысалы, спорттық іс-шараларды дайындау және өткізу немесе жеке

спорт клубын құру). Мұндай іс-шаралар ұйымдастыру, қарым-қатынас, сондай-ақ топ ішіндегі өзара құрмет пен қолдау дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Мәселелерді бірлесіп шешу. Бұл стратегия ұжымдық талқылауды және шешімдерді табуды қажет ететін тапсырмаларды қамтиды. Дене шынықтыру сабақтарында бұл ойын стратегиясын әзірлеу, жаттығуларды орындаудың ең тиімді жолдарын таңдау немесе командалық эстафеталардағы қиын кедергілерді жеңу сияқты жағдайларды шешуге байланысты болуы мүмкін.

Топтағы Рефлексия. Тапсырмаларды орындағаннан кейін оқушылар не болғанын және не істемегенін бірге талқылайды, жетістіктер мен қателіктерді талдайды. Бұл балаларға командалық өзара әрекеттесудің маңыздылығын түсінуге көмектеседі, олардың сыни ойлауын дамытады және сындарлы өзін-өзі бағалау мен өзара бағалауды үйретеді.

“Топтық ми шабуылы” әдісі. Бұл әдіс студенттерді талқыланатын тақырып бойынша идеялар мен шешімдерді бірден бағаламай айтуға ынталандырады. Дене шынықтыру сабақтарында бұл тәсілді, мысалы, жаттығу техникасын жақсарту жолдарын талқылау немесе жаңа ойын форматтарын құру кезінде қолдануға болады, бұл әр баланың шығармашылығы мен процеске қатысуын дамытуға көмектеседі.

Ұжымдық ойын. Оқу процесіне ұжымдық ойындарды қосу, онда әрбір қатысушы жалпы нәтижеге қол жеткізуде маңызды рөл атқарады, ынтымақтастық және топтық жұмыс дағдыларын дамытады. Бұл дәстүрлі спорттық ойындар (футбол, баскетбол, волейбол) немесе физикалық қасиеттер мен командалық рухты дамытуға бағытталған арнайы ойындар болуы мүмкін. Бұл стратегиялар студенттер бір-бірін үйрететін, ынтымақтастық дағдыларын дамытатын және ынталы және өз қабілеттеріне сенімді болатын Белсенді білім беру ортасын құруға ықпал етеді. Дене шынықтыру сабақтарында осы стратегияларды қолдану оқушылардың физикалық жағдайын ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік жағдайын да жақсарта отырып, олардың жан-жақты дамуына ықпал етеді навыки.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Давыдова С.В. Дене шынықтыру сабақтарында оқушылардың ұжымдық танымдық қызметі және тәрбиесі / С. В. Давыдова. - Мәтін: тікелей / / Жас ғалым. — 2016. — № 2 (106). - 788-790 ББ. - URL: https://moluch.ru/archive/106/25113 / (өтініш берген күні: 15.01.2025).

2. Середов И.М. “Сабақта оқушылардың фронтальды, топтық және жеке жұмысын оңтайлы үйлестіру принципі туралы “ Омбы, 1973. “Біздің жаңа мектеп” Ұлттық білім беру бастамасы. Ж. Меңгерушісі № 3, 2010.

3. Лернер И. Я. Оқыту әдістерінің дидактикалық негіздері. М., Ағарту, 1981.

4. Тализина Н. Ф. Оқушылардың танымдық іс-әрекетін қалыптастыру. М., Ғылым, 1983.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Жумагамбетова Айнур Тныштыкебаевна
Сазды орта мектебі
Бастауыш сынып мұғалімі
Педагог - зерттеуші

Бүгінгі күні мектептегі оқу пәндерінің ішіндегі ең күрделісі әрі қиындығы мол деп. саналатын пәндердің бірі – математика.

Математика – ерекше құдіретті ғылым. Қазіргі заман –математика ғылымының өте жан-жақты тараған кезеңі. Оқушыларға математикалық жүйелі білім беру, олардың өздерінің алған білімдерін өмірде қолдана білуге және арнайы дамытуға тәрбиелейтін-мұғалім.

Математика пәнін оқыту процесінің негізгі мақсаты – арнайы педагогикалық әдістермен тәсілдерді мақсатты, жүйелі түрде пайдаланып, оқушылардың танымын , шығармашылық ойлауын, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін қалыптастыру, өз бетімен білім алу дағдыларын дамыту болып табылады. Оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуін қалыптастыру - оқушының пәнге деген қызығушылығынан және қажеттілігінен туады.

Математика сабағында оқушылардың шығармашылығын қалыптастыру үшін сабақта заманауи технологияларын қолдану қажет. Қазіргі заман технологиялары сабақтың сапасын көтеруге, оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттыруға, қазіргі қоғам талабына сай білім алуына көп әсерін тигізеді[15;23].

Қазіргі кезде қолданып жүрген жаңа педагогикалық технологияның негізіне мыналар жатады:

а)әрбір оқушының жеке және дара ерекшеліктерін ескеру;

ә)оқушылардың қабілеттері мен шығармашылықтарын арттыру;

б) оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу, іздену дағдыларын қалыптастыру.

Жаңа педагогикалық технологиялардың ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру технологиясы, тірек белгілері арқылы оқыту технологиясы, қарқынды оқыту технологиясы, жоба технологиясы, деңгейлік саралап оқыту технологиясы, модульдік оқыту технологиясы, ақпараттық технология тағы басқа көптеген түрлері бар.

Оқытудың жаңа технологиясының бағдарламалап оқыту мәселелері В.Беспалько, М.Кларин, И.Лернер және тағы басқалардың еңбектерінде көрініс табады. Дамыта оқыту бағытындағы педагогикалық технология Л.Выготский, Л.Занковтың, ал жеке-бағдарлы оқыту технологиясының жобасы Ш.Амоношвили еңбектерінде зерттелген.Жаңа технологиялар мұғалімнің жүйелі жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Оқу процесінің тиімділігі ең алдымен оқушылардың белсенділігі мен танымдық ізденісіне қатысты.

Қазір білім саласында оқытудың жаңа технологиясы кеңінен қолданылуда. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай жаңа білім беру өте – мөте қажет» деп, ел Президенті атап көрсеткендей, электронды оқыту әдіс – тәсілдерін мектеп өміріне енгізу – жаңа білім берудің бірден – бір шарты.

Оқытудың дидактикалық ғылыми негізінің оқыту үрдісіндегі басты мақсаты - шығармашылық оқыту негізінде абстракты ойлауын дамытып шәкірттерді ғылым негіздерімен қаруландыру. Оқушылардың ғылым негіздерінің қаруланууы көркем шығармадан игерген білім қоры негізінде дамып, дүниетаным үрдісі тікелей сезіп білуден абстрактілі ойға, қоғамдық тәжірибемен өмірде пайдалана білумен ұштасса ғана жемісін береді[3;38].

Математика сабақтарында оқытудың инновациялық технологиялар қолданудың дидактикалық негіздері:

1) бағдарламалап оқыту;
2) сатыламалы оқыту;
3) дәстүрлі оқыту;
4) проблемалық оқыту;
5) дамытпалы оқыту;
6) тәрбиелей оқыту;
7) ірі блокпен оқыту;
8) даралап, саралап оқыту;
9) тиімді оқыту;
10) дифференциалдап оқыту.

Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз-ой қозғай отырып, оқушының өз ойы мен өзгелердің ойына сыни қарап,

естіген-білгенін талдап салыстырып, өз бетімен және бірлесіп шығармашылықпен жұмыс жасау. Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы- оқушыға білімнің дайын күйінде берілмеуі.

Бағдарлама бірнеше кезеңдерден тұрады: қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой-толғаныс. Сабақтың құрылымына қарай қолданған жағдайда оқушылар белсенділігі артып, бір-біріне деген сенімі, өзінің түсінігі мен түйсінуі арқылы жаңа білім құрастыруға дағдыланады. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясының әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы оқушыларды топаралық жұмыс жасауға, топтардың жұмыстарын баяндауға, нәтижені қорғауға, пікірталас туғызуға, талдау және қорытындылауға үйрете отырып білім беру өте тиімді. Оқушыларды топқа бөлгенде, топтың құрамында әр түрлі деңгейде оқитын оқушылардың болғанын ескеремін. Жақсы оқитын оқушылар сабақтың барысында үлгерімі төмен оқушыларға көмек көрсетеді. Жаңа сабақты өткенде жетекші оқушы өзі ғана біліп қоймай, тобының жаңа сабақты меңгеруіне де ықпал жасайды.

Математикалық терминдерді, ережелерді, анықтамалар мен теоремаларды толық айтып жеткізу үшін, сабақта математикалық сауатты сөйлеу мәдениетіне көңіл бөлемін. Сыни тұрғыдан ойлау бағдарламасымен оқыту нәтижесінде оқушылардың өзін-өзі бақылау, бағалау, сөйлеу, тыңдау қабілеттері артады. Аталған технологияның ерешелігі: еркін ойлауға мүмкіндік береді, ақыл-ойын дамытады, ынта-жігері артады, ұжымды іс–әрекетке тәрбиелейді, тіл байлығы жетіледі, жан-жақты ізденеді, өз ойын жеткізіп үйренеді. Мұндай әдістер арқылы ой айту, пікірін ортаға салу арқылы табиғаты тұйық оқушылар ашылады. Тақырыптың негізгі өзегін, бағытын, мән-мағынасын түсінеді, өз ойын мазмұнды, мағыналы, дәлелді баяндауға дағдыланады, пәнге қызығушылығы артады, ой еңбегі жетіледі,ынтасы артады[7;31].

XXI ғасыр ақпарат ғасыры болғандықтан адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. АКТ-ны қолдану-заман талабы. Қазіргі ақпараттық технологияның озық жетістіктерін математика сабағында қолдану арқылы танымдылық іс-әрекеттерін ұйымдастырып оқушылардың құзіреттілігін дамытуға болады. АКТ-да бүгінгі күні интерактивті тақта ерекше орын алып отыр.Оқушы интерактивті тақтамен жаңа материалдарды арнаулы программамен мүмкіндігінше пайдалана алады. Ондағы мақсат – оқушының өзінше ойлау қабілетін арттыру, қазіргі заманғы интерактивті тақтамен жұмыс істеуге үйрету.

Математиканы оқытудағы негізгі талап – оқушыға есептер шығара білу жолдары мен тәсілдерін үйрету. Интерактивті тақтамен сабақ берген кезде мұғалім, шәкірт және интерактивті тақтамен қарым-қатынас жүргізіледі. Компьютер арқылы оқу материалын беруге, оны әзірлеуге, бақылауға, қорытындылауға, көмек беруге мүмкіндік зор. Әр сабаққа құрылған флипчарт, слайд, презентациялар оқушының пәнге қызығушылығын тудырады. Қазіргі кезде республикалық білім беруді ақпараттандыру ғылыми әдістемелік орталығы негізінен білім жүйесінің барлық сатылары үшін электрондық оқулықтар жасаумен шұғылданып келеді.

Мұғалім үшін электрондық оқулық бұл күнбе-күн дамытылып отырған ашық түрдегі әдістемелік жүйе,оны оқытушы өз педагогикалық тәжірбиесіндегі материалдармен толықтыра отырып,әрі қарай жетілдіре алады. Электрондық оқулық тек теориялық материал мен тапсырмалардан құрастырылған оқу құралы ғана болып қалмай, бақылау мен бағалау функциясын да атқарады. Әр сыныпқа арналған электрондық оқулықтарды сабағымда пайдаланамын.

Математика сабақтарында инновациялық технологиялар элементтерін қолданып сабақты түрлендіріп, шығармашылықпен өткізуге болады. Ол үшінберілген есептерді түрлі тәсілдермен шығаруға, оқушылардың зерттеушілікпен жұмыс жасауға ұмтылысына мүмкіндік берген жөн.Мысалы, “Екі қорап ойыншық сатып алынды, оның біріншісінде 32, ал екіншісінде 22 ойыншық бар. Екінші қораптағы ойыншықтар біріншіге қарағанда 100 теңгеге арзанға түсті. Екі қораптың әрқайсысы үшін қанша ақша төленген?”

Саны	Құны
32	?
22	? 100т.<

Арифметикалық тәсіл

I- тәсіл

32-22 = 10 - Бірінші қораптағы артық ойыншықтар саны

100:10 = 10 (теңге)- Бір ойыншықтың құны

32x10 = 320 (теңге) - Бірінші қорап үшін төленген сома

22x10 = 220 (теңге) - Екінші қорап үшін төленген сома

II- тәсіл

32-22 = 10-Бірінші қораптағы артық ойыншықтар саны

100:10 = 10 (теңге) - Бір ойыншықтың құны

32x10 = 320 (теңге) - Бірінші қорап үшін төленген

320-100 = 220 (теңге) - Екінші қорап үшін төленген

III- тәсіл

32-22 = 10- Бірінші қораптағы ойыншықтар саны

100:10 = 10 (теңге)- Бір ойыншықтың құны

22x10 = 220 (теңге)- Екінші қорап үшін төленген сома

220+100 = 320 (теңге)- Бірінші қорап үшін төленген сома

Алгебралық тәсіл

I- тәсіл

32 (x-100) = 22x

32x - 22x = 3200

10x = 3200

x = 320 (теңге)- Бірінші қорап үшін төленген сома

320 -100 = 220 (теңге) - Екінші қорап үшін төленген сома

II- тәсіл

32x = 22 (x+100)

32х = 22х+2200
32х - 22х = 2200
10х = 2200
х = 220 (теңге) - Екінші қорап үшін төленген
220+100 = 320 (теңге)- Бірінші қорап үшін төленген
III-тәсіл
32х-22х = 100
10х = 100
х = 10(теңге)-Бір ойыншықтың құны
32х10 = 320 (теңге) - Бірінші қорап үшін төленген
22х10 = 220 (теңге) - Екінші қорап үшін төленген
Бұл тапсырманы орындау үшін оқушылардың ғылыми таным әдістерін қолданары сөзсіз. Себебі, алғашқыда балалар есептің шартына мұқият болып, ондағы заңдылықтарды анықтау арқылы бақылауды орындайды. Өйткені, бақылау – зерттелетін объектілерді мақсатты және жүйелі түрде қабылдау арқылы зерттейтін әдіс. Сонан соң салыстыру жүргізіледі. Яғни объектілердің (қораптағы ойыншықтар) ұқсастықтары мен айырмашылықтарын тағайындайды. Сондай-ақ оқушылар есептің шартынағы екі қораптың бір-бірінен айырмашылығына көңіл бөліп, артық ойыншықтар санын және әрбір ойыншықтың құнын анықтайды. Содан әрбір қорап үшін қанша ақша төленгенін табуға мүмкіндік туады (анализ және синтез). Және де аналогия элементтерін қолдану арқылы есептің басқа да шығару тәсілдерін іздестіреді[6;27].

Қорыта келгенде, жаңа инновациялық педагогикалық технологияның негізгі, басты міндеттері мынадай:

- әрбір білім алушының білім алу, даму, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу;
- білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеде тәрбиелеу;
- өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту;
- аналитикалық ойлау қабілетін дамыту.

Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстан Республикасының халқына жолдауындағы алтыншы міндетте – осы заманғы білім беру мен кәсіптік қайта даярлау, «парасатты экономиканың» негіздерін қалыптастыру, жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарасты пайдалану, инновациялық экспериментті дамыту. Білім беру реформасы табысының басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің кез келген азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болтындай деңгейге көтерілуі болып табылады» - деген.

Ең алғаш «инновация» ұғымы қазақ тілінде анықтаған ғалым, профессор Немеребай Нұрахметов. Ол былай дейді: «Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызмет».

Өзінің жіктемесінде инновацияны, қайта жаңарту кеңістігін бірнеше түрге бөледі:

1) Жеке түрі (жеке-дара, бір-бірімен байланыспаған);
2) Модульдік түрі (жеке-дара кешені, бір-бірімен байланысқан);
3) Жүйелі түрі (мектепті толық қамтитын).

Ал, кейбір ғылыми әдебиеттерде инновацияны модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деп үш түрге бөледі.

1) Модификациялық инновация – бұл қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналасу. Бұған В.Ф.Шаталовтың математикаға жазған тірек конспектісі және оны көптеген мұғалімдердің пайдалануы мысал бола алады.

2) Комбинаторлықинновация – бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру. Бұған тіл мен әдебиетті оқытудың қазіргі кездегі әдістемесі дәлел.

3) Радикалдық инновация – білімге мемлекеттік стандарттарды енгізу жатады. Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен, мөлшерлерді, параметрлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады.

Оқу үрдісінде – оқушыны тұлға етіп қалыптастыру ортасы мектеп.

Сондықтан жоғарыда аталған мүмкіндіктерді жүзеге асыру, тиімділігіне қарай пайдалану мұғалімнен үлкен шеберлікті талап етеді.

Пәнді оқып меңгеру барысында оқушылар дүниенің үш құрамдас бөлігі: адам, қоғм, табиғат саласынан білім алады. Биология, химия, география, физика пәндерінің бастама негізі қаланады. Атап айтсақ, қоршаған дүние заттары, құбылыстары, табиғат, экология туралы ғылыми түсінік қалыптасады.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
UZDIK KALAM

ЖАСӨСПІРІМ КЕЗЕҢДЕГІ ҚИЫН МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ ТҮЗЕТУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТИІМДІЛІГІ

Жұбаназарова Тұрсынай Тілеуқызы
Шалқар ауданы Бершүгір ЖОББ мектептің
әлеуметтік педагогы

Жасөспірім тәртібінің ауытқуы бүгінгі күні өзекті мәселеге айналуда. Яғни, біздің қоғамда кәмелетке толмаған балалардың мінез-құлқының, агрессияның, сондай-ақ құқық бұзушылықтардың төмендеуі байқалады. Жасөспірім-бұл тәрбиешілердің (ата-аналардың, мұғалімдердің, қоғамның) мінез-құлқының ерекшеліктері және олардың тәрбиешілердің (ата-аналардың, мұғалімдердің, қоғамның) назарын және сергектігін тудыратын көріністері. Тәртіптің мұндай ерекшеліктері жалпы қабылданған нормалар мен талаптардан қарапайым ауытқуды ғана емес, сонымен бірге болашақ моральдық, әлеуметтік және құқықтық нормалардың бұзылуын және субъектінің өзіне, жеке тұлғаның дамуына, айналадағы адамдарға және тұтастай қоғамға тигізетін қауіптілігін көрсетеді.

Л. Керимов сонымен қатар қиын балаларды тәрбиелеу мәселесі бойынша оның зерттеулері" қиын " оқушыны, ең алдымен отбасындағы тәрбие жағдайларын білуден басталады деп ұсынады. Баланың қалыптасуында отбасы ерекше орын алатындығын түсіндіре отырып, ол ата-аналардың балалармен, мұғалімдердің оқушылармен қарым-қатынасындағы оқушы үшін қиын болуы мүмкін бірқатар кемшіліктерді көрсетті. Бұл мәселені шешудің негізгі тәсілдерінің бірі-отбасында достық қарым-қатынас орнату.

Әлеуметтік бағдарланған қоғам құру үшін қоғамды құрайтын халықтың жетілген, жан-жақты жетілуі қажет. XXI ғасыр-білім ғасыры, бүгінгі таңда еліміздің басты стратегияларының бірі-кемелденген, зиялы, жаңа технологияларды меңгерген, азаматтық белсенділігі мол, энергияға бай жастарды тәрбиелеу. Тәуелсіз ел дамуының қазіргі кезеңі қоғам өмірінің барлық салаларындағы өзгерістермен, яғни экономикалық және әлеуметтік қатынастардың ерекшеліктерімен сипатталады. Қазіргі кезеңдегі негізгі проблемалардың бірі-әлеуметтік жағдайларға бейімделу, олардың мінез-құлқын қалыптастыру және тұлға ретінде дамыту мақсатында жасөспірімдерге әсер етудің тиімді әдістерін анықтау және көрсету. Кез-келген қоғамда осы қоғам өмір сүретін қоғам қабылдаған әлеуметтік нормалар мен ережелер бар. Әлеуметтік норма-бұл белгілі бір қоғамда тарихи қалыптасқан жеке адамның, әлеуметтік топтың немесе ұйымның мінез-құлық ережелерінің жиынтығы, этикет, мораль және құқықтық нормалар. Әлеуметтік нормаларды сақтамау, бағынбау, нормалау бойынша әрекетсіздік ауытқу, яғни ауытқу деп аталады. Девиантты мінез-құлық ұғымы жасөспірімдер сөзімен бірге кездесетіні жасырын емес. Себебі, біз жасөспірімдер арасында девиантты мінез-құлықты жиі байқаймыз. Себебі жасөспірім кезең-бұл ең қиын кезең, әр түрлі бұзақылық пайда болатын кезең және сонымен бірге достық нормаларын игеру.

Сондай-ақ, отандық психологтар Д.Б. Эльконин және Т. В. Драгунова өзін ересек адам ретінде тануға, физикалық өзгерістерді байқауға, қоршаған орта туралы хабардар болудың жоғарылауына және әртүрлі қызығушылықтарға байланысты жасөспірім кезеңінің ерекшеліктерін атап өтті. Сонымен қатар, бұл кезең өздерінің "мен"қалай қалыптаса бастайтындығымен тығыз байланысты. Осындай өсу кезеңінің күрделі құбылыстарын бастан кешіре отырып, олардың психикасы "кінәлі" болады. Сондай-ақ, осы жаста балалар айналасындағы адамдармен, ата-аналармен, туыстарымен, мектептегі құрдастарымен, әлеуметтік ортамен өзара әрекеттесу процесінде қарым-қатынас жасайды. Жасөспірімдердің осы және басқа да мәселелерін біле отырып, ересектер оларды бала ретінде, тең құқықты адам ретінде қабылдауы керек, дұрыс ойлау, баланың әртүрлі мәселелерін шешу, кеңес беру және қарым-қатынас жасау. Жасөспірімдер, өмірлік тәжірибесінің болмауына қарамастан, отбасындағы жақын адамдардың пікірінен гөрі құрдастары мен достарының пікірлерін жиі ескереді және оларды ескереді. Олар үшін мектепте және сабақтан тыс жұмыстармен айналысатын, бірге спортпен шұғылданатын, үйірмеге қатысатын, ауладағы құрдастарымен қарым-қатынас жасау маңызды. Олар ата-аналарының бақылауымен бағынбайды, олар еркін жүріп, өз алдында өмір сүргісі келеді. Мұндай жағдайлар кейде қиындықтарға, жаман жолға түсуге, құрдастарының құйынына түсуге әкеледі.

1. жасөспірімдердің ұжыммен қарым-қатынасының ерекшеліктеріне сәйкес;
2. қоғамның мүдделеріне қатысты жеке тұлғаның моральдық дамуындағы ауытқулар;
3. қоғам мүдделерін түсіну сипаты бойынша;
4. жасөспірімнің әлеуметтік пайдалы қызмет жүйесіне қатысты ауытқулар;
5. психикалық деформация деңгейі бойынша;
6. жетекші жүйеде бұзылулар бойынша;
7. психиканың медициналық-педагогикалық

ауытқулары мен патологиялары туралы. "Ауырсынудың емін тапқанша ауырмаудың жолын іздеңіз", - дейді жасөспірімдер, және бұзылуды түзетуден гөрі оны болдырмаудың жолдарын іздеу әлдеқайда тиімді. Девиантты мінез-құлықтың алдын-алу-бұл әлеуметтік ортаның жағымсыз факторларының адамға әсерін жоюға және оның қалыпты өмір сүру деңгейін қорғауға, денсаулығын сақтауға және сақтауға бағытталған ғылыми негізделген және уақтылы қабылданған әлеуметтік, әлеуметтік-психологиялық, педагогикалық және медициналық шаралар кешені. Девиантты мінез-құлықтың алдын-алу шаралары жалпы және арнайы болып бөлінеді. Жалпы профилактикалық іс-шаралар-бұл жеке тұлғаны әлеуметтендіру процесінің қалыпты жүруі үшін психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық жағдай жасауға бағытталған бірқатар алдын-алу шараларын жүзеге асыру. Арнайы профилактикалық іс-шаралар-бұл нақты мәселелерді шешуге бағытталған шаралар жүйесін іске асыру: нашақорлық, Заңсыз мінез-құлық, қадағалаусыздық, балалар мен жасөспірімдердің жезөкшелігінің алдын алу және т. б.

Девиантты мінез-құлық саласындағы профилактикалық жұмыстарды келесі негізгі бағыттарға бөлуге болады::

1. адамдардың материалдық және рухани қажеттіліктері толығымен қанағаттандырылады.
2. ұлттық және өңірлік деңгейлерде әлеуметтік-экономикалық, мәдени, білім беру және басқа да міндеттерді шешу;
3. адам өмірінің микро ортасын жақсартуға бағытталған
4. әлеуметтік-педагогикалық іс-шараларды іске асыру;
5. белгілі бір адамның мінез-құлқындағы ауытқулардың алдын алу және түзету;
6. мақсатты тәрбиелік және профилактикалық іс-шаралар өткізу.


Девиантты мінез-құлықтың алдын-алу формалары:

1. девиантты мінез-құлықты қалыптастыруға теріс әсер ететін факторларды болдырмауға бағытталған алғашқы алдын-алу шаралары;
2. қайталама профилактикалық іс-шаралар-бұл қиын өмірлік жағдайға тап болған девиантты мінез-құлқы бар жасөспірімдерге жаңа жаман әрекеттердің, бұзушылықтардың, қылмыстардың алдын алуға, уақтылы көмек көрсетуге бағытталған әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық және құқықтық шаралар кешені. Девиантты мінез-құлықтың алдын алудың ерекше нысаны, кейде үшінші профилактика деп аталады, жасөспірімдердің жазасын өтеу кезінде бас бостандығынан айыру орындарынан қайталанатын қылмыстық әрекеттерінің алдын алуға бағытталған әлеуметтік, әлеуметтік-психологиялық және құқықтық шаралар болып табылады.

Әдебиеттер

1. Ж.Аймауытов. Қиын бала және отбасы тәрбиесі. Алматы: Өрлеу, 2013.
2. Ж. Намазбаева. Оқушылар тұлғасының дамуы.Алматы: Жазушы,2007.-88 б
3. М.Жұмабаев. Қиын оқушыларды мектеп жағдайында тәрбиелеу мәселелері. - Алматы: Рауан, 2015. – 421 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС - ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



Ибраймова Айгуль Кабышевна
қазақ тілі пәнінің мұғалімі,
Алматы қаласы

Кіріспе

Білім беру жүйесі оқушылардың сапалы білім алуын қамтамасыз ету үшін үнемі жаңартылып, жаңашыл әдістер мен технологиялар енгізілуде. Әсіресе, тіл сабақтарында инновациялық әдіс-тәсілдердің қолданылуы оқушылардың білім сапасын арттыруда маңызды рөл атқарады. Қазақ тілі сабағында жаңа әдіс-тәсілдер мен технологияларды қолдану оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту, шығармашылық қабілеттерін арттыру, сондай-ақ оқыту процесін тиімді әрі қызықты ету мақсатында қажет. Қазақстанда білім беру реформасы аясында оқыту әдістемелерінде жаңашылдық пен инновацияларды енгізу басты міндеттердің бірі болып табылады. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында инновациялық әдіс-тәсілдерді қазақ тілі сабағында қолдану оқушылардың жан-жақты дамуына, тәрбие беру мен білім беру үдерісінің бірлігіне ықпал етеді. Бұл бағдарлама оқушыларды тәрбиелеуде тек білім беру ғана емес, сонымен қатар олардың адамгершілік, мәдениет, тұлғалық қасиеттерін дамыту мақсатында ұйымдастырылған. Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану барысында бірнеше бағыттар бойынша жұмыс атқарылады. Инновациялық әдіс-тәсілдер оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, оқу процесін белсенді, көпқырлы етіп жасайды. Қазіргі таңда жаңа ақпараттық технологиялар, жобалық әдіс, сын тұрғысынан ойлау, коммуникативтік әдіс сияқты инновациялық тәсілдер қазақ тілі сабағында оқытудың тиімділігін арттыруда кеңінен қолданылуда.

Мақсаты: Қазақ тілі сабағында инновациялық әдіс-тәсілдерді қолданудың ерекшеліктерін қарастырып, олардың оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға, шығармашылық әлеуетін ашуға әсерін зерттеу. Жаңа әдістер мен тәсілдер оқушыларға тіл үйренудің тек теориялық емес, практикалық бағыттарын да меңгеруге мүмкіндік береді. Оқушылар өз ойларын еркін жеткізе отырып, қазақ тілін тереңірек түсінеді, ал мұғалім оқытудың жаңа әдісін қолдану арқылы оқу процесін қызықты әрі нәтижелі ете алады.

Міндеттері:

- Инновациялық әдіс-тәсілдердің қазақ тілі сабағында қолданылу ерекшеліктерін анықтау;
- Қазіргі білім беру жүйесіндегі инновациялық әдіс-тәсілдердің рөлін талдау;
- Интерактивті әдіс-тәсілдердің қолдану ерекшеліктерін көрсету;
- Жаңа ақпараттық технологиялар мен мультимедиялық құралдарды қазақ тілі сабағында пайдалану;
- Инновациялық әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың жеке тұлғалық дамуына ықпал ету.

Инновациялық әдіс-тәсілдердің қазақ тілі сабағында қолданылу ерекшеліктерін анықтау қалай жүзеге асады және тиімділігі әдіс-тәсілдердің қазақ тілі сабағында қолданылу ерекшеліктерін анықтау бірнеше кезең бойынша жүзеге асады. Қазақ тілі сабағында қолданылатын жаңа әдіс-тәсілдер, мысалы, жобалық әдіс, диалогтық оқыту, сын тұрғысынан ойлау, ойын әдістері, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) сияқты тәсілдер зерттеледі. Әрбір әдістің мақсаттары мен мүмкіндіктері, оларды тиімді пайдалану жолдары қарастырылады. Инновациялық әдістер әр оқушының ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ тілі сабағында бейімделеді. Әдістердің әртүрлілігі оқушылардың қызығушылықтарын арттырып, білім алуға деген ынтасын күшейтеді. Мұғалім сабақты жоспарлаған кезде оқушылардың қажеттіліктеріне сәйкес келетін әдіс-тәсілдерді таңдайды. Қазақ тілі сабақтарында инновациялық әдіс-тәсілдер тәжірибе жүзінде қолданылады. Бұл кезеңде мұғалімдер оқушылардың қызығушылықтарын, білім деңгейін және сабақты қабылдау ерекшеліктерін ескере отырып, түрлі әдістерді қолданады. Сабақтар барысында оқушылардың тілдік дағдыларының дамуын бақылап, оқыту әдіс-тәсілдерінің тиімділігін бағалау жүргізіледі. Мұғалімдер оқушылардың сөйлесім дағдылары, жазу және оқу қабілеттері бойынша нәтижелерді бағалап, әдістердің тиімділігін талдайды.

Оқушылардың белсенділігі мен ынтасын арттыруды енгізуге жол ашады, инновациялық әдіс-тәсілдер оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады. Олар сабаққа белсене қатысып, өз пікірлерін ашық білдіреді. Бұл оқушылардың тілдік дағдыларын дамытады және олардың сабақта тұрақты қатысуын қамтамасыз етеді. Тіл үйренудің шығармашылық тұрғыдан болуына ықпал етеді, жаңа әдістер оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ашуға мүмкіндік береді. Мысалы, жобалық әдіс арқылы оқушылар нақты тапсырмаларды орындау арқылы тіл үйренуді шығармашылық үдеріс ретінде қабылдайды. Бұл оқушылардың өзін-өзі дамытуына жол ашады, инновациялық әдіс-тәсілдер сөйлеу, тыңдау, жазу және оқуды біртұтас дамытуға ықпал етеді. Мысалы, сын тұрғысынан ойлау әдісі оқушыларды өз пікірлерін түсінікті әрі дәл жеткізуге, тыңдау мен оқу дағдыларын бір уақытта дамытуға бағыттайды. Онлайн платформалар мен оқу қосымшалары арқылы оқушылар өздерін еркін сезініп, қазақ тілін күнделікті өмірде қолдануға дағдыланады, оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттеріне және оқыту стилдеріне сәйкес келетін білім беру әдістерін қолдануды мүмкін етеді.

Мұғалім әрбір оқушының ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру процесін саралайды. Диалогтық әдіс және ойын түріндегі әдістер оқушылардың қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Топтық жұмыстар мен пікірталастар арқылы оқушылар бір-бірімен өз ойларын бөлісіп, қазақ тілінде қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіреді.

Қазақ тілі сабағымда инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану тәжірибемде пайдаланамын, оқу процесінің тиімділігін арттырып, оқушылардың тілдік дағдыларын жан-жақты дамытуға мүмкіндік береді. Бұл әдіс оқу материалын тереңірек меңгеруге көмектеседі. Оқушыларға қазақ тілінде сұрақтар қойып, оларға жауап беру барысында сын тұрғысынан ойлауын дамытуға бағытталған тапсырмалар ұсынсаңыз, олардың өз пікірін дұрыс әрі дәл жеткізу қабілеті жақсарады. Бұл әдіс оқушылардың талдау және сыни ойлау дағдыларын нығайтады.Ойын арқылы оқушылардың тілдік қабілеттерін дамытуға болады. Мысалы, «Сөз құрастыру», «Тіл жаттығулары», «Кім жылдам?» сияқты ойындар оқушылардың сөздік қорын кеңейтіп, қызығушылықтарын арттырады. Қазақ тілі сабағы барысында инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану оқушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттырып, оларды белсенді әрі шығармашыл түрде білім алуға ынталандырады.

Қорытынды

Инновациялық әдіс-тәсілдер қазақ тілі сабағында оқушылардың білім алу процесін жаңартып қана қоймай, олардың тәрбие алуында да үлкен рөл атқарады. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында осы әдіс-тәсілдерді қолдану оқушыларды ұлттық құндылықтар мен мәдениетке баулып, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, қоғамда өз орнын табуға көмектеседі. Бұл әдістер оқушылардың өз бетінше ойлауын, сөйлеу мен жазу дағдыларын арттырып, қазақ тілін меңгеруге деген қызығушылығын тудырады. Тиімді инновациялық әдістер оқу сапасын жақсартып, болашақта оқушыларды білікті және бәсекеге қабілетті азаматтар етіп тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қабдығалиева, Б. Қ., & Жұмабекова, С. С. (2022 ж.). Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы: Ғылым.

2. Бейсенбаева, К. С. (2024 ж.). Қазақ тілін үйретудің инновациялық әдістері. Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.

3. Ахметова, С. Ж. (2023 ж.). Қазақ тілін оқытуда жаңа технологиялардың қолданылуы. Алматы: Қазақ университеті.

4. Сейфуллин, Ж. (2022 ж.). Қазақ тілі және оның білім беру жүйесіндегі рөлі. Алматы: Қазақ мемлекеттік университеті.

5. Жұмабаев, М. (2023 ж.). Қазақ тілі мен әдебиеті. Алматы: Қазақ университеті.

6. Көбесов, С. (2021 ж.). Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану. Алматы: Білім.

7. Мұхамбетқали, А. С. (2024 ж.). Қазақ тілін оқыту әдіснамасы. Қарағанды: Қарағанды университеті.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
UZDIK KALAM

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ



Изенбаева Кырмызай Ермекбаевна
Ақтөбе қаласы, №49 жалпы орта білім беретін мектебінің көркем еңбек пәнінің мұғалімі

Өнер – эстетикалық тәрбие берудің басты құралы. Себебі өнер адамның рухани дамуы мен дүниетанымының қалыптасуына әсер етеді. Қазіргі ұрпаққа эстетикалық тәрбие беру - әдемілікті түсінуге, әсемдікті өз қолымен жасай білуге тәрбиелеу деген сөз. Эстетикалық тәрбие тану-білумен байланысты. Ол адамның сезімі мен ойлау қабілетін дамытады. Эстетикалық тәрбие берудің бір құралы – бейнелеу өнері.

Ертеңгі болашағымыздың тағдыры жас ұрпақтың бүгінгі тәрбиесіне тікелей байланысты. Жан-жақты білімді, парасатты, саналы азаматты тәрбиелеп шығару, олардың жан дүниесін әлемдік өркениетке сай рухани қазыналармен байыту, халықтық педагогика дәстүрлерінің озық өнегелерін ой-санасына орнықтыру аса жауапты міндет екені анық. Жас кезінен бастап баланың қабілетін арттыру, өз бетінше жұмыс жасауына жағдай жасау оқу-тәрбие ісінде жақсы нәтиже береді. Бейнелеу өнері оқушыларды тапқырлыққа, өз бетімен жұмыс жасай білуге үйретеді және балалардың шығармашылық қабілеттерінің жоғары деңгейде болуына, оқу үрдісінің тиімділігін арттыруға ықпалы бар. Сурет салу барысында баланың психологиясы жайлап өзгереді. Мысалы, оқушы ойлау арқылы сурет салғанда сурет пәніне деген өзіндік жауапкершілігі артады. Суреттің бұл түрі оқушының шығармашылық қабілетін арттырады әрі ойлау қабілетін дамытады. Сабақта оқушылар бағдарлама бойынша тәжірибелік түрде үйрену арқылы көлемді форманың, жарық пен көлеңкенің бөліну заңдылығын меңгерумен қатар өнертану терминдерін жақсы игеріп шығады. Бейнелеу өнерінің кереметтігі өмірдегі барша бояу түрлерінің байлығын ашып, өзіне деген ерекшеліктерін айқындайтындығында.

Бейнелеу өнеріндегі көркемдегіш күштің жоғары деңгейде болуы көрушіге өте зор ықпал етеді. Яғни, оның эстетикалық тәрбие берудегі әсер етуші мүмкіндіктерінің шексіз екендігін айта кетуге болады. Сондықтан адам баласын өмірдегі, қоғамдағы, қоршаған ортадағы, табиғат көрінісіндегі әдемілік пен сұлулықты тануға, сезе білуге үйретуде, жалпы сезімталдыққа тәрбиелеуде бейнелеу өнері пәні өте үлкен орын алады. Мұғалім бейнелеу өнері сабағында оқушыларға қоршаған ортадағы шындық туралы көптеген мәліметтер береді. Мысалы, заттың нақты бейнесін салу барысында оқушы сол заттың пішіні мен құрылысына қарап танысу арқылы оның салмағы, алатын орны, мәні, түр-түсі жағынан қандай екенін байқайды. Осындай мақсатпен ой тоқтатып, зерттеп қараудың нәтижесінде оқушылардың білімі кеңейеді. Бұдан біз бейнелеу өнері бойынша жүргізілетін әрбір жеке сабақтың тәрбиелік мүмкіндігінің мол екендігін байқаймыз.

Оқушы бойында эстетикалық сананы қалыптастыру – үздіксіз процесс. Ал осы эстетикалық сауаттылықты қандай жолмен оқытқан тиімді болады, эстетикалық тәрбиені жас ұрақтың бойына қалайша сіңіруге болады деген сұрақтар туындайды. Өз тәжірибемде бейнелеу өнері пәнін оқыту барысында алдыма қойған мақсатым - әсемдікті қабылдау қабілетін арттыру арқылы оқушыларға эстетикалық тәрбие бере отырып, оқу үдерісін жаңаша ұйымдастыру. Ол үшін оқытудың қазіргі кезеңдегі жаңа технологияларын пайдалану қажет.

Оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы баланың кішкентай кезінен дүниеге өзіндік көзқарасының қалыптасуына, сауатты сурет салуға деген білім дағдыларын меңгертіп, ойын тұжырымдап, еркін қарым-қатынас жасауына жол ашу. Осы орайда өнерге деген қызығушылықты тудыруда оқушылардың практикалық жұмыс істеу мүмкіндіктерін дамыту. Әр түрлі қызықты тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары артады. Оқушылар сызбада күнделікті қолданып немесе көріп жүрген заттарын көретін болса өтетін тақырыптарды жақсы түсініп игереді, оған мен өз тәжірибемде көзім жетті. Олар сызбаны тез және жеңіл түсінеді, сызбаға және сабаққа қызығушылықтары артады,

білімдері мен логикалық қабілеттері тез дамиды. Сызу пәнінде әрқашан жаңа сабақты қысқа, түсінікті және логикалық құрылымды жеткізуге тырысамын. Басында оқытылатын материалдағы бастыны хабарлап, оқушымен бірге шешім жасау.Жаңа материалға 7-10 минут жеткілікті. Қалған уақыт жаңа сабақты бекітуге жұмсалады. Әр сабақ мақсатын сабақ басында жеткізіп айту. Өз іс-тәжірибемде оқытудың техникалық және басқа әр түрлі көрнекі құралдарын барынша интерактивті тақтаны мүмкіндігімше пайдаланып, сабақта берілген сұраққа оқушылардың нақты жауаптарына және сол жауаптарын біртіндеп практика жүзінде дәлелдеп шығу білігіне негіздеймін.

Бейнелеу өнері сабағы оқушыларды тапқырлыққа, өз бетімен жұмыс жасай беруді үйретеді, сурет салу барысында баланың психологиясы жайлап өзгереді, мысалы, оқушы ойлау арқылы сурет салғанда, сурет пәніне деген өзіндік жауапты сезінеді. Суреттің бұл түрі оқушының шығармашылық қабілетін дамытады. Оқушыларды сабаққа қызықтыру үшін әр түрлі ойындарды ойнатуға болады. Сабақтың тиімді, түсінікті өтуіне және оқушылар өтілетін сабақтардан сапалы білім алуларына сабақта ойналатын ойындар көп көмегін көрсетеді. Ойындар және сонымен қатар логикалық тапсырмалар оқушылардың бейнелеу өнері пәніне қызығушылықтарын арттырады. Бейнелеу өнері пәнінің ұлттық бағытта өткізілуі, оқушылардың қоршаған ортаға, салт дәстүрге деген көзқарастарын оны эстетикалық тұрғыдан қабылдауларын қалыптастырады. Мысалы ою-өрнек тақырыбын өткенде ең алдымен өрнектердің пайда болғанынан бастап айтылады сонымен қатар жеке оюдың атауымен, түстердің сәйкестігімен, композиция негіздерімен танысады. Тағы бір оқушыларды сабаққа қызықтыратын әдіс-тәсәл тақтаға сурет салу немесе сызу, оқушылар өздері салған суреттерді дәл мұғалімдікіндей қылып салуға тырысады, тақтаға салынған суреттің кезеңділіктерін оқушылар өздері бақылап отырады да салынған суреттерінің кемшіліктерін тақтадағы суретпен салыстыру арқылы өздері түзетіп отырады. тақтаға салынған суреттер оқушылардың қызығушылықпен жұмыс істеуіне жақсы стимул береді.

Бейнелеу өнері сабағы басталар алдында оқушылардың көңіл күйлерін білу үшін мынадай ойын жүргіземін. Бұл ойынға таза қағаз бен гуашь болуы қажет. Оқушылар қағаздың жарты бетіне қылқаламмен кез келген дақ салады содан кейін қағазды бүктеп екінші жартысына жабыстырады. Сонсын қағазды ашып пайда болған дақтан қандай бейне шыққанын айтады.

1. Көңіл күйлері төмен оқушылар дақтан нашар нәрселерді көреді, олар көк немесе сиякөк түстерді таңдайды. Ондай оқушыларды сабырлы оқушылармен отырғызған жөн.
2. Сабырлы бала ашық түстен дақ жасайды және шыққан суретінен жақсы нәрселерді көреді.
3. Ашуланшақ балалар қызыл немесе қара түстерді таңдайды.

Оқушылардың логикалық ойларын дамытуға тағы мынандай ойындарды қолдануға болады. Оқушыларды кез келген түсті айтып, сол түсті бес нәрсені тез арада айтуларын талап ету. Бір минуттың ішінде бес нәрсені атай алмаған бала ойыннан шығады. Аталған нәрселерді қайталауға болмайды. Бала тез ойланған арқылы түстерді қайталайды. Оқушылар тақырыптар бойынша салған суреттерді ұнатады. Ақын жазушылардың шығармалары оқылады, олар оның қандай жанрға жататынын тауып, суретін салады. Ойындар оқушылардың дамуында үлкен роль атқарады, «Оқушылардың логикалық ойын дамытуға пайдаланатын дидактикалық ойындар» атты авторлық брошюра, сабақтың үстінде ойнауға болатын ойындар жинағы. Біздің мектептегі оқушылар бейнелеу өнерінен әртүрлі сайыстарға қатысып жүреді. Оқушылар бейнелеу өнері сабақтарына қызығушылықпен қатысады.

Қорыта келгенде, өскелең ұрпақты күшті, білімді, ізденімпаз, шығармашылық еңбекке баулу-біздің басты міндетіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Бейнелеу өнері және музыка,сызу мектепте, колледжде және ЖОО-да оқыту, №6,2012ж.
2.Бейнелеу өнері және музыка,сызу мектепте, колледжде және ЖОО-да оқыту, №2,2015ж.
3.Айдарова З. «Мектеп оқушыларының көркемдік талғамын тәрбиелеу», №2, 2006ж.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

UZDIK KALAM

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДА БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ СТРАТЕГИЯЛАРЫН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Какина Әлпия Мырзахметқызы
Ақтөбе қаласы,
Сазды орта мектебінің
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады.

Функционалдық сауаттылығы – бұл адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші.

Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құрылады.

Функционалдық сауаттылығын қалыптастыру – оқушының танымдық-қатысымдық қабілеттерін дамытып, ішкі мүдделерін әлеуметтік сұранаммен үйлестіру жолы.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор. Соның ішінде қазақ тілі мен әдебиетінің алатын орны ерекше. Функционалды сауатты адам қоғамның құндылықтарына сәйкес, қоғамдық ақуалдың қалыптасқан мүдделеріне қарай әрекет етеді. Бүгінгі күнге қажетті мамандықты таңдап дұрыс шешім қабылдап, заманауи ақпараттық технологиялардың тілін біліп кез келген әлеуметтік ортаға бейімделеді. Осы тұрғыда функционалды сауатты адамның негізгі белгілерін тұжырымдауға болады: қоғамдық ортада өмір сүре білетін, тіл табыса білетін, белгілі бір сапалық қасиеттері бар, жалпы негізгі және пәндік құзыреттіліктерді меңгерген адам болып саналады. Негізгі құзыреттіліктер кез келген адамның таңдаған мамандығына қабілеттіліктері мен біліктігіне, бәсекеге қабілетті орта жағдайында өзінің жеке өмірі мен кәсіби жұмысында нәтижеге жетуін түсінуіне мүмкіндік береді. Пәндік білімдеріне, епті ліктеріне және дағдыларына сүйене отырып, оқу пәндері арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту үдерісі ойлау дағдыларын қалыптастыру негізінде жүзеге асады. Осыған орай барлық сабақтарда оқушылардың ойлау дағдыларын қалыптастыру және дамытуды ескере отырып әр түрлі тапсырмалар берілуі керек. Сауаттылық ұғымының нақты мазмұны дара тұлғаның дамуына қойылатын қоғамдық талаптарға байланысты құбылмалы сипатқа ие болады. Ол қарапайым оқу, жазу, санау біліктіліктерінен бастап адамның әлеуметтік үдерістерге саналы түрде қатысуына мүмкіндік беретін, қоғамдық қажеттігі айқын кешенді білімдер мен біліктерден құралатын функционалдық сауаттылықты меңгеруді де қамтиды.

Сонымен, функционалдық сауаттылық дегеніміз не? Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік , мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады.

Пәндік білім, білік, дағдыларды меңгертудегі шығармашылық ұстаным сабақты шығармашылық үдеріс ретінде құруды мақсат етеді. Оқу үдерісінде жұптық, топтық жұмыс түрлеріне, біріккен шығармашылық тапсырмалар мен жобаларды орындауға үлкен мән берілді.

Оқу үдерісінде оқушылардың алдыңғы сабақтарда алған білім, дағды, біліктерін жаңа жағдаятта қолдана алуына қажетті дағдылары дамытылады. Пәнді интеллектуалдық және шығармашылық тұрғыда түсініп меңгертуге ден қойылады. Ол үшін қазіргі таңдағы оқыту технологияларының әр түрлі әдіс – тәсілдерін пайдалану тиімді болып келеді: «Джиксо-ұжымдық оқыту» , «Дана үкілер» , «Ажурлы ара» , «Мозаика немесе Ара ұясы» әдіс – тәсілдері.

Мақсаты: Жалпы мәселені жұпта, ұжымда талқылау.

Бұл әдіс – тәсілдер мазмұнды жоғары табыспен меңгеру, оқығанды есте сақтау үшін тиімді.
Оқушының оқуға деген қызығушылығы артады, ұжымда жақсы қарым-қатынас қалыптасады, саналы тәртіп орнайды, өз бетінше ойлауға, ізденуге, нәтижеге жетуге дағдыланады. Сондай-ақ, мұғалімді мектеп қызметкерлерін түсіну оларға деген дұрыс көзқарасқа үйретеді.
Сабақта әрбір өтілген мәтінді өмірмен байланыстырып отыру арқылы бүкіл табиғаттың, қоршаған ортаның сырын, өз туған өлкеңмен байланыстырып өту баланың қызығушылығын арттыруда үлкен септігін тигізеді. Оқушылардың білімге ынтасының болуы, олардың сабақтағы белсенділігінің артуына білім сапасының жоғарлауына, білім алудың пайдасын түсінудің қалыптасуына мүмкіндік береді. Білім берудің құрылысын, оқушылар мұғалім берген мақсаттарды түсінетіндей, қабылдайтындай етіп құру керек және оқушы мұғалім қойған мақсатты белсенді жүзеге асырушысы болуы тиіс. Оқушылардың білімге ықыласын, қызығушылығын
арттырудың ең жақсы жолының бірі – сабақта ойындарды қолдану. Ойын – әрқашан кішкене білім, кішкене білім бола отырып, баланы білім алуға, еңбекке дайындайды.
Жұптағы ой қозғау. Оқушылар қандай да болмасын ақпарат туралы бар білгендерін жазбаша келтіреді. Бұл тапсырманы орындауға берілген уақыт 2-4 минут қана, оқушылар өз жұптарымен жазғандарымен бөліседі, сұрақтарға жауап береді, тізімдерін толықтырады.
Кластерлер (жүзімнің шоқтары деген мағынада). Идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды айқындауға арналған жазба кестелер. Негізгі тақырып немесе тірек тақтаның ортасындағы шеңберге жазылады да, одан туындаған тақырыпшалар оның жан-жағына жазылып, шеңберленеді, оқушылар оларды бір-біріне қосады да, өзара байланыстыру туралы әңгімелейді.
Ойлан, жұптас, пікірлес – оқушыларға қандай да болмасын сұрақ, тапсырма берілгеннен кейін оларды тыңғылықты орындауға бағытталған тәсіл. Тақтада сұрақ, тапсырма жазылғаннан кейін әрбір оқушы жекеше өз ойлары мен пікірін берілген уақыт ішінде (2-3 минут) қағазға түсіреді. Содан кейін оқушы жұбымен жазғанын 3 –
4 минут талқылайды, пікірлеседі. Мұғалім 2-3 жұпқа өз пікірлерін бүкіл сыныпқа жариялауын сұрануына болады.
Алдын – ала берілген атаулар – мұғалім сабақ барысында жаңа тақырып бойынша тақтаға бірнеше атау (терминдер) жазып қойып (3-4 атау) оқушыларға олардың мағынасы, мазмұны және өзара қатынасы мен байланысы туралы ойлауын сұрайды. Бұл жұмысты оқушылардың жеке жұппен немесе шағын топ ішінде ауызша яки жазбаша орындалуы ықтимал. Содан кейін мұғалімнің бірнеше оқушының ойы мен пікірін тыңдауына болады
Еркін жазу – оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын қағазға түсіруді талап ететін тәсіл. Оқушылар берілген уақыт аумағында (5-7 минут) тоқтамай жазуы керек.
Сабақтың негізгі бөлімінде мұғалім оқушыларға білім алудың белсенді тәсілдерін ұсынып, олардың өздігінен жаңа мәліметті жан - жақта қарастырып, зерттеп, игеруіне мүдделі. Оқушылар жекелей, жұппен, топпен жаңа ақпаратпен танысып, ол туралы өзіндік пікір қалыптастырады.
Сұрақ қою қайтадан сұрақ қою – мәтіннің әр бөлігінен кейін оқушыларға бір – біріне немесе өзгеде оқушыларға белгілі бір жүйемен сұрақ қою тәсілі. Мәтіннің бірінші бөлігі оқылып жатқанда А оқушы В-ға бірнеше сұрақ жазбаша дайындайды. Мәтін оқылып біткеннен кейін В оқушы жауап береді. Екінші бөлімнен кейін
керісінше В оқушы А оқушыға сұрақ қояды. Үшінші бөлімнен кейін екеуі С және Д оқушыларға сұрақ қояды.
Сабақта ойынды ұйымдастырғанда оқушылар бір-біріне көмектесетіндей, бір-бірімен бірігетіндей жағдай жасау керек. Сонда сабақ тек білім беру қызметін ғана емес, тәрбиелеу қызметін де атқарады. Мұндай сабақтардың өтілуі нәтижесінде оқушыларда бір-бірімен сөйлесе білу мәдениеті, тәртіптілік, топқа және бір-біріне жауапкершілік сезімнің болуы, менмендік және жалқаулықтан безу қасиеттері қалыптасады.
Сондықтан теория мен практиканың байланыста болуын қамтамасыз ету үшін әрбір пән бойынша берілетін білімнің мазмұны мен көлемін анықтағанда теориялық қағидалардың, заңдылықтар мен ережелердің, яғни ұғымдық-ақпараттық материалдардың бала өмірінде кездесетін түрлі проблемалық мәселелерді шешуге көмегі тиетіндей, бала оны қолдана алатындай практикалық маңызы ескерілуі тиіс. Сондай-ақ оқушылардың оқу материалын тек жаттап қана алмай, оның мән-мағынасын терең түсінуін қамтамасыз ету міндетті боп саналады. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда қатысымдық, рөлдік ойын, дара тұлғаға бағдарланған оқыту және сұрақ-жауап әдістері арқылы жүзеге асатын жағдаяттық тапсырмалар, рөлдік ойындар, сұқбаттық тапсырмалар, құзыреттіліктерді қалыптастыратын тапсырмалар арқылы кешенді жүргізудің тиімділігі жоғары болады.

Осы орайда ұлы ұстаз Абайдың: «Адам ата-анадан туғанда есті болып тумайды естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды танидыдағы,сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады» деген дана сөздерінен адам табиғатының, болмысы мен танымының қалыптасуының өзі осы ізбен жүретінін байқауға болады. Егер оқу үдерісі, балаларға білім, білік, дағдыларды игерту осы ұстанымға негізделсе, нәтижелі болатыны анық.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

